Дарындылықтың бұл түрлері іс-әрекеттің басты түрлеріне сәйкес бөлінеді. Ал шығармашылық дарындылыққа келетін болсақ, ғалымдардың креативті іс-әрекеттің жеке түрі ретінде қарастыру жөнінде көзқарастары әртүрлі болып шықты. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, бұл феноменге арнайы қарау керек, себебі стандартты емес ойлау қабілетіне ие, ерекше басқаларға ұқсамайтын өмірлік көзқарасқа ие балалар бар.

Қорытындылай келгенде, дарындылықтың белгілері мен түрлерінің психологиялық жіктелуін қарастыра отырып, дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың ерекшеліктерін дер кезінде ескеру мен дамытудың қажет екендігін атауға болады.

1. *Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. –М., 1991. -63-77 с.*

2. *Дүйсебек Ә. Дарынды тұлғалар тәрбиелілік. //Қазақстан мектебі. 2004, №1. -35-37 б.*

3. *Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. –Алматы,*

4. *Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков. –М., 1996. - Мүрсәлімова М. Дарынды балалармен жұмыс. //Қазақстан мектебі. 2004, №6. - 34-36 б.*

5. *Мухамеджанова Д.А. Процесс выявления одаренных детей в дошкольном возрасте. Материалы V городской научно-практической конференции работников организаций образования. –Астана, 2012. -36-38 с.*

### **Резюме**

В статье раскрывается психологическая классификация признаков и видов одаренности личности.

### **Summary**

In article psychological classification of signs and types of endowments of the personality reveals.

## **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сүлейменова А.А. –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, магистратура және PhD докторантура  
институтының 2 курс магистранты*

Жүсіпбек Аймауытұлы жалпы психология мәселелері жөнінде айтқан түйін-тұжырымдарына қатысты маңызды мәселенің бірі-ғылымның төл атауларын жасау, осы орайда ғұлама ғалымның алатын орыны жөніндегі мәселе. Біз төменде оның әсіресе, психологиялық, педагогикалық психологияға қатысты атаулары мен ұғымдарды жасау жөніндегі ұстанымдарына тоқталамыз. Халқымыз қай заманда болмасын сөз қасиетінің құдіретін кәусар бұлаққа балап , оны сарқылмас рухани байлық ретінде пайдалана біліп, оның

небір асылдарын халық ұғымын да ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Ел намысын оятатын да, елді ұйытатын да сөз құдіреті.

А.Байтұрсынұлы «Тіл құралы» мен Ж.Аймауытұлының «Психологиясы» және М.Жұмабаевтың «Педагогикасында» жинастырылған терминдік сөздер күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоймай келеді. Ұлттық терминдерді қолдандырудағы үшінші кезең – 20-шы жылдардың басымен 30-шы жылдардың аяғын қамтиды. Бұл біздің қазақ елінің латын графикасына көшіп, өзінің ұлттық тілін, ғылымын, атауларын, біршама дамыта түскен кез еді. Бұл кездерде терминология мәселесі жұртшылық назарына ерекше түсті, ғылым тілі дамуын төртінші кезеңіне 40-80 жылдар аралығын жатқызуға болады. Бұл таза кириллицаға негізделген орыс жазуын әбден мойындап, оны тілімізге етене ендірген кезең. 1985 жылдан күні бүгінге дейінгі аралықты біз қазақ терминологиясы қалыптасуын бесінші кезені дейміз. Қазіргі қазақ тіл ғылымы терминологиялық тасқынды басынан кешіріп отыр. Барлық баспасөз беттерін сарапқа салсақ, осы жәйітті айқын байқауға болады. 1927 жылы Қызылорда қаласында пән сөздері деген араб грамматикасымен терминдер сөздігі шықты. Мұнда жекелеген ғылымдардың төл тіліміздегі басты-басты терминдері жинақталған еді. 1931 жылы Алматыда «Атаулар сөздігі» деген екінші басылым жарық көрді. Бұған латын графикасымен жазылған 8000-нан астам сөздер мен атаулар енді. Терминология мәселесі дамуында 1931 жылы Мәскеуде ұйымдастырылған Бүкілодақтық Кеңестің де мәні зор болды. Бұл жиын бұрынғы ССРО халықтары үшін ортақ терминдер жасау, яғни интернационалистік терминдерді унификациялау, оларды белгілі бір жүйеге келтіру мәселелерімен айналысты. Осындай бас қосулар бұдан кейінгі жылдарда да ауық-ауық өткізіліп тұрды. 1936 жылы Қазақ ССРО Халық Комиссарлар Кеңесінің жанынан республикалық терминология құрылды. Оның ұлттық терминдерді қалыптастыру ісіне тигізген көмегі аз болмады.

Ж.Аймауытұлы қолданған психологиялық терминдердің басым көпшілігі қазіргі қазақ психологиясынан орнықты орын алып отыр. Ғұлама ғалымның термин жасау тәжірибесін қазіргі жағдайда бірден-бір үлгі ретінде ұсынсақ қайырма ұтылмаймыз. Мәселен, ол психолог мамандығын қазақша «жан тамыршысы» деп алыпты. Ал, сангвиник деген темпераменттің атын «ыстық қанды», флегматик темпераментінің өкілін - «салқын қанды», холерикті «қызбалы», «ұйтқымалы» деп нағыз төл тіліміздегі атаумен айшықтапты. Ғұлама ғалымның адамның жеке қасиеттерінің төл тіліміздегі беру шеберлігінде қайран қалдырады. Осы тұрғыдан жаңғалақ, желөкпе, сенделме, күйгелек, ұрда жық, орнықты, желігу, бояма, желікпе т.б. ұғымдар психологиялық тұрғыдан көкейге аса қонымды. Қазіргі қазақ психологы төл тілінде еңбек жазғанда «бірде бие, бірде түйе», ой ағысын «түлкінің құйрығындай бұландатып» отыр деген сияқты тіркестерді қолданып жүр. Енді біз Ж.Аймауытұлының психологиялық термин жасау тәжірибесіне, нақтылап айтсақ педагогикалық психология саласындағы ғылыми атауларды қалайша

іріктеген, оларды топтастыру принциптеріне талдау жасап көрейік. Термин – ғылымның тілі, терминсіз ғылым дамымайды, қорланып, сұрыпталмайды, пәндік терминдерсіз ол өмір сүруден қалады, дейтін негізгі қағиданы Ж.Аймауытұлы қатты ескерген.

Ғұлама ғалым сондай-ақ, ғылымның өзіне лайық төл тума терминдері мен негізгі атауларын анықтамай тұрып, орыс тілді оқу құралдарымен, оқулық-тар, бағдарламалар жасау мүмкін еместігін де жақсы түсінген. Сондықтан да, ол термин жасаудың әдіснамалық жақтарына ерекше мән беріп, оның жасалу принциптерін қатты ойластырған. Оның пікірінше, терминсіз ғылым жайдақ, үстіртін жалаң, өйткені белгілі заңдылықтарға негізделмеген пән атауларын қарапайым түсінік дәрежесінен аса алмайды. Ж.Аймауытұлының ұлттық тәлім-тәрбиелік терминдер жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлуі – оның сол кездегі әлеуметтік сұраныстан туындағаны да белгілі.

Автордың жалпы ғылыми терминдер жасау жөніндегі принциптерін топтастырсақ, мына ұстанымның төңірегінен табылар еді. Біріншіден, ғылыми атауларды сұрыптауда, шет жұрттан алынған ұғымдарды барынша төл тілімізге жақындатып, оған лайықты ат табу. Екіншіден, термин жасауда төл тіліміздің өзіне тән ішкі заңдылықтарын, яғни дыбыс жүйесіне қатысты өзекті жақтарын мықтап ескеру; үшіншіден – шет ел тілдерінен - /Еуропа, араб, парсы т.б./ терминдер алғанда оған аса сақтықпен қарап, бұларды Ала қойған жағдайдың өзінде өз тіліміздің айтуына қарай икемдеп қолдану; төртіншіден, шет ел тілдерінен алынған термин сөздерді қабылдауда орыс тілінің дәнекерлік рөл атқаратындығын, яғни жалғастырушы болатынын әркез есте ұстау. Автор кейбір психологиялық терминдерді орыс ғұламалары, өз тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіп алғанын еске сала келіп, ғылыми атауларды түзген кезде, оның түп төркінін, шығу тегін яғни, этимологиясын тексеріп, осыған орай оларды төл мағынасына жақындата қолданған жөн дейді. Ж.Аймауытұлы шет ел тілдерінен енген атауларды тіліміздің ерекшелігіне, бағындыра қолдану қажеттігін ерекше атап кетеді.

Аймауытұлы кездейсоқ қолына түскен сөзді термин етіп ала бермеген, ол халықтың ауыз әдебиетіндегі інжу-маржандарды ғана ұлттық психологиямыздың қажетіне жаратуға тырысқан. Ол қазақтың мақал-мәтелдерін, жыр-аңыздарын, эпикалық дастандарын, лироэпос жырларын, ертегі-әңгімелерінде кездесетін небір сөз асылдарын елеп-екшеп, ғылыми ұғымға жарайтын-дарын іріктеп алып отырған. Ғұлама ғалымның пайымдауынша, психологиялық ұғымдардың төл тілімізде дұрыстап сұрыпталуы аса мұқияттылықпен ыждахаттылықты қажет етеді. Сондықтан да біз әрбір терминнің мән-мағынасын сол ғылымның өзіндік табиғатын көрсететін құбылыс екендігін, терминдік атаулар логикалық жағынан сомдала, ширай түсуін ерекше еске ұстауымыз қажет. Өйткені сол кездің өзінде-ақ Аймауытұлы белгілі бір ғылыми ұғымның баламасында алынып, отырған термин сөздің сол ұғымның мән-мағынасын білдіру қажеттігімен қатар бұрын да айтқанымыздай, олардың төл тіліміздің сөздік қорына айналуына ерекше көңіл бөлген екен.

Ж.Аймауытұлы өзінің «Психология» кітабында, әсіресе педагогикалық психологияға қатысты көптеген атауларды сомдаған. Енді сондағы кейбір ғылыми атаулардың талдауына қысқаша тоқталайық. Ұлттық психологиялық атаулардың дені Аймауытұлының көлемді еңбегі «Психология» кітабында берілген. Мұндағы атаулардың көпшілігі оның «Тәрбиеге жетекші» кітабы-нан алынып отыр.

Аймауытұлы педагогиканың психологиялық саласында қолданысқа түсір-ген атаулардың кейбірі мыналар: «білімдендіру» /образование/, «балалық» /детство/, «дәріс» /лекция/, «жетілу» /развитие/, «жеткіншек» /подросток/, «жігіттік» /юношество/, «мазмұндау» /изложение/, «ұлығат» /словарь/, «оңтай» /прием/, «сіндіру» /давление/, «пысықтау» /повторение/, «сабақ реті» /расписание уроков/, «түсіндіру» /объяснение/, «істей білу» /умение/, «әдіс ғылымы» /технология/, «пішіндеме» /геометрия/, «саулық сақтығы» /гигиена/, «келістік» /гормония/, «көрікті жер» /ландшавт/ т.б. Бұл атаулардың қай-қайсында қазіргі педагогикалық психологияда жөнді өзгеріс-ке түспей қолданылып жүр. Сондықтан да біз бұлардың мән-мазмұнын тәптіштеп талдауды жөн көрдік. Мәселен, автор осы кітапта «иллюзия» деп алатын ұғымды «алдану» деп алыпты. Мұнысы өте дұрыс, бұған дауласа алмаймыз. «Коллектив» ұғымы – «бірлестік» деп алыпты, мұнысы онша келіңкіремейді. Қазір бұл бұны «ұжым» деп жүрміз. Ол «психические процессы» деген терминді «жан қуаттары» деп алған. Бұл атауды кезінде Фараби мен Абай да қолданған. Әл-Фарабидің айтуынша, бұл атау арабтың «эл-қуат ан-нафс» деген сөзінен алынған. Мұнысы қазақ жанына біртабан жақын екені хақ. Сондықтан біз алдағы жерде «психикалық процесс» деген тіркесті «жан қуаттары» деп алсақ, осы тексті қазақша сөйлеткен боламыз. Мұны бұрынғы «психикалық» немесе «психологиялық процестер» десек, мұнымыз қазақша болып шықпайды. Аймауытұлы осы жәйтті сонау 20-шы жылдардың өзінде-ақ дұрыс аңғара алғаны ғажап. Автор адамның жоғары сезімдерінің бірі эстетикалық сезімді, «әдемілік сезім» деп алыпты. Қандай тамаша десеңізші! Ол сондай-ақ, орыс тіліндегі «детство» деген терминді «балалық», «память» - деген ұғымды «жад» деп алыпты. Бұл екеуі бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Автордың орыс тіліндегі «развитие» деген психоло-гиялық атауды «жетілу» деп алғаны көңілге ұялайды, қазірде бұл атау «даму» деп алынып жүр. Мұның екеуінің де мағынасы бір-біріне өте жақын. Психологияның барлық салаларына қатысты аса іргелі «деятельность» деген терминді біз қазір де «іс-әрекет» деп алып жүрміз. Ал автор мұны бірде «іс», «қызмет» деп алған. Алынғанына 70 жылдан асып бара жатса да, бұл ұғымның да бөлендей сөлекеттігі байқалмайды. Жас психологиясында жиі қолданылатын «отрок», «подросток» дейтін терминдерді «жеткіншек» деп алған. Әрине, мұнда да онша қолапайсыздық жоқ. Біздіңше, «жас өспірім» депалған дұрыс сияқты. Өйткені, «жас өспірім» деген ұғым орыстың «подросток» деген сөзінің диапазонының мағынасы. Жеткіншек деген сөз қазақ ұғымында көбінде ұл балаға байланысты айтылады.

Осы қазақша атаулармен қатар автор жақша ішінде олардың ежелгі атауларын да келтіріпті. Мұнысы да бізге өте ұнайды. Автор сондай-ақ «материализм» деген ұғымды «затшылдық» деп алыпты. Әрине, бұл туралы әлі ойлауымыз керек. Өйткені, материализм деп айтуға, біз үйреніп кеттік қой. Жоғарыда айтқанымыздай психологияның көпшілік терминдері тек Еуропа елдерінің тілінен алынған ғой. Ендігі жерде мұны шектемесе болмайды. Сонау 20-шы жылдары Аймауытұлының мұншама қазақы ұымдарды қайдан тауып алды екен? Біздер «дайын асқа тік қасық» дегендей орыс тілінде дайын тұрған шет елдік ұғымдарды ала қоюмен әдеттенгенбіз. Алдағы жерде осы келеңсіз жәйттерден біртіндеп арылмасақ болмайды.

Тағы да термин жайлы пікірімізді әрмен қарай жалғастырайық. Мәселен, психологияда көп тараған ұғымның бірі - «ассоциация» ұғымы. Мұны автор «іліктестік» деп алыпты. Өте тамаша балама! Бағыс психологиясында әсіресе, америка психологтары жиі қолданатын «стимул», «реакция» дейтін ұғымдар бар. Аймауытұлы «реакция» терминін «серпіліс» деп алыпты. Біздіңше, серпіліс тітіркену ұғымына қарағанда айтуға қолайлырақ. Өйткені адам болсын, жануар болсын тітіркенгеніне серпіле жауап қайтарады ғой. Психологияда орысшасы «поведение», ағылшыншасы «бихевиоризм» атты термин бар. Қазақтың кейбір аудармашылары мұны «тәртіп психологиясы» деп алыпты, ал енді біреулері «жүріс-тұрыс» дейді. Бұл ұғымдардың қай-қайсысы да осы ұғымның мағынасын бермейді. Ж.Аймауытұлы «поведение» ұғымын бірде «мінез-құлық» деп алыпты, ал бірде «қылық» деп алған. Мұның екеуі де жарасымды. Аймауытұлының психологиялық терминдерінің нобайын төл тілімізден іздестіруін құба-құп дей тұрсақ та, автор қолданған кейбір терминдер олпы-солпы, жаңсақтау болып шыққан.

Ж.Аймауытұлының термин жасау жөніндегі басты ұстанымдары, психологиялық ұғымдарды іріктеудегі ұлттық стиль мен колорит - бұл өз алдына тәптіштеп зерттетін үлкен тақырып. Сондықтан біз, аталмыш мәселені алдағы кезде зерделеп зерттей түсуге психологтар назарын аударар едік.

Ғұлама ғалымның психологиялық мұралары туралы айтқанда біз оның осы мәселедегі негізгі желісі мына төмендегі қысындардың төңірегінен табылады деп ойлаймыз. Бұлар біртуар ғалымның психология саласындағы өзіндік орнын, қайталанбас ерекшелігін жақсы байқатады. Тіпті автор түзген түйіндер нақты қағидаға, белгілі заңдылыққа айнала бастан ұстанымдар секілді. Мәселен, ол тән қуаты ажарлы болады дейді. Енді бірде «нашар жаннан, осал мінездер туады» десе, «жалынды сөз-жалынды жүректен шығады», «баланы іспен емес, сөзбен, ақылмен үйреткен адам сорлы» дейді. «Адамның денесі қандай мысқалдап өсетін, жетілетін болса, пікірі де сондай бірте-бірте жетіліп, өркендейді». Ерлік, қайрат үнемі ірі жұмыста көріне бермей, күнделікті уақ-түйек жұмыста да көрінуі керек, тағы басқасы секілді толық жатқан ой-пікірлер мен тұжырымдар «қысқа да болса, нұсқа» дегендей, қазақы құлаққа бір ден ұялайды.

Сөз соңында айтарым, Ж.Аймауытұлының психологиялық мұрасында

қазіргі қазақ жұртына, соның ішінде жастарымызға айтылған өсиет сөздер мен ақыл-кеңестері жетіліп артылады. Бұларды да алдағы жерде арнайы зерттейтін болсақ құба-құп.

1. *Аймауытұлы Ж. Психология. -Алматы, 1995.*
2. *Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. -Алматы, 2000.*
3. *Әшімханов Д. Бес арыс. -Алматы, 1996.*
4. *Жарықбаев Қ. Психология. -Алматы, 1993.*

### **Резюме**

В данной статье автор рассматривает этнические особенности в проблеме терминологии психологии с точки зрения Жусипбека Аймаутова.

### **Summary**

In this article the author considers national terminology problems in the works of Zhusipbek Aimaurov.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК САНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

**Сатиева Ш.С., Бураханова А.Т. –**

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті*

Баланың сөйлеуі мектепке дейін тек қарым-қатынас рөлін атқарса, мектепте жүргенде білім жүйелерін меңгерудің негізгі құралы қызметін атқарады. Мектепке түсу бала тілінің жоспарлы түрде дамуына өте қолайлы жағдай туғызады. Сауат ашу, оқып, жаза алуға үйрену, мектепке дейін өз бетінше меңгерген ана тілін енді арнаулы пән ретінде (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан) оқып-үйрену бала тілінің дамуына бұрын-соңды болып көрмеген үлкен өзгерістер енгізеді. Тілді меңгеру барысында баланың сөйлеу ерекшеліктері онан сайын жетіле дами түседі.

Лингвистикада тіл және сөйлеу дегендер бөліп қарастырылады. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдісі тіл мен сөйлеудің арасындағы ерекшелікті білуі негізгі орын ала отырып, тіл туралы білімі мен сөйлеу тәжірибесін ауызша және жазбаша сөйлесуде пайдалана білуге және жаттығудың нәтижелі түрін құрастыруға үйретеді.

Ұлттық мектептердегі тілді дамыту әдістемесі сөйлесудің қатынас құралы ретінде және тілдің өзгешелігін, тілдегі сөзді, олардың формаларын, сөз тіркестерін емес керісінше, тілдік әрекеттердің жүйесін оқыту керек, себебі, өзара қарым-қатынас арқылы тіл – қарым-қатынас құралы бола алады.

Тіл – материалдық біліктердің жүйесі, ол адамдардың қарым-қатынас жасауына қызмет етеді және ұжымдық санасында қалыптасады. Сана, сезім қалауы дерексізденгеннен өзгеше нақты мазмұнды айту үшін тілді қолдану-



дан сөйлесу пайда болады. Тіл сөйлеуде өзгеріске түсетін және мақсаты қарым-қатынас жағдаятына байланысты нақты мазмұнмен толықтырылатын жалпы ережелерге, модельдерге тәуелді болады.

Тіл мен сөйлеу тығыз байланысты, бірақ олардың өзгешеліктері де болатынын ұмытпау керек. Әсіресе, қазақ тілін оқытқанда. Бір жағынан тілдік әрекеттер, тілдің заңдылықтары игеріледі, екінші жағынан сөйлеуді оқыту, сөйлеу механизмінің игеру пайда болады, мұнда грамматикалық, лексикалық, фонетикалық компоненттер өзара тығыз байланыста игертіледі. Сондықтан, оқыту бірліктері сөйлеудің грамматикалық, лексикалық, фонетикалық компоненттері өзара кешенді түрде сөйлесуге жаттықтырылады.

Соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарында сөйлеу үшін тілдің барлық жүйесін білу міндетті емес екені айтылады. Қарым-қатынас жасау үшін тілдік тәсілдердің құрамы үлкен емес, ал сөйлеуде қарым-қатынас үдерісінде қолданылатын бірнеше модельдер бөлініп алынады. Сол себепті тілді игеру үшін тілдік әрекеттің құрамын білу керек.

Тілді қатынас құралы ретінде игеру үшін тілдік материалды игеру және оларды ойды айтуға қолдана білуі керек. Сол себепті сөйлесуді оқыту өзара тығыз байланысты екі кезеңнен тұрады: тілдік материалды білу және сөйлеу икемділігін қалыптастыру.

Психологияда алғашқы және икемділік бөліп қарастырылады. Алғашқысы, ол оқушылардың теориялық ережелерге сүйене отырып «ең алғаш оны түсіне отырып» орындаған жұмыстары.

Алғашқы икемділік ол оқушы нақты тілдік материалдармен танысқан кезде және оны хабарды айту, жеткізу кезінде қолданғанда қалыптасады. Сөйлеу қатынасының даму үдерісінде оқушылардың назары тілдік материалды игеруге және оларды қолдану ерекшеліктеріне бағытталады. Осы кезеңнің нәтижесінде тілдік материалды қолдану дағдысы автоматтандырылады.

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану үшін тек екінші икемділікті (умение) яғни, өзгертілген жағдайларда орындалатын төтенше, ауызша түрлі жағдаяттарда әрекеттер жасау керек. Соның нәтижесінде сөйлесудің күрделі икемділігін қалыптастыру үдерісінде оқушылардың ойлау әрекеті хабардың мазмұнына айналады. Сөйлесу әрекеті сананың бақылауынсыз тілдік құралдарды қолданады да нағыз қарым-қатынастың талабына жақындайды. Сөйлеу-сөйлеу икемділігінің қалыптасу сатыларын қарастыра келіп әдіскерлер икемділік-тің пайда болу тәсіліне байланысты оларды екі топқа бөледі.

Бірінші топқа сөйлеу дағдысы даму үдерісінде қалыптасатын икемділіктер енгізіледі. Оған сөйлеу ептілігінің алғашқы үш сатысы енеді: дәл қазіргі уақытта өзгертіліп жаққан сөйлеу үлгілерін жағдаятқа байланысты дер кезінде қолдана білу; сөйлеу түрінің бір немесе екі элементін сөйлеу жағдаятына байланысты өзгерту; модельдерді таңдап, оларды анықталған жүйелі түрде жағдаятқа байланысты біріктіру.

Екінші топқа өздігінен бағдарламаланған ойын айту негізінде құралған икемділік енгізіледі. Бұл топтағы икемділікті қалыптастыру мынадай саты-

лардан тұрады: а) үлгіге қарап сөйлеушінің өзі арқылы ойын айтуы бағдарламалануы; ә) іштей үлгіге сүйенбей жалпы тақырып бойына ойын айтуды өз бетінше бағдарламалау; б) барлық өтілген тақырыптар бойынша әртүрлі сөйлеу жағдаятына қарым-қатынас жасау.

Сөйлеуді қалыптасыру жаттығуларын орындау негізінде сөйлеу дағдысына өтетін алғашқы икемділіктен, күрделі икемділіктер арқылы жасалған шығармашылық сөйлеу маңызды. Сөйлеу икемділігі мен сөйлеу дағдысы бірдей дамып отырғаны дұрыс, бірақ сөйлеу дағдысы біршама алда болуы нәтижелі.

Оқушылардың сөйлеу ептілігі мен дағдысын қалыптастыруды ерекше орын алатын 3-4 сыныптарда дұрыс жылдам оқу және түсіну дағдысы қалыптастырылып бекітіледі де мәнерлеп оқу дағдысын дамыту жұмысы жүргізіледі. Сондықтан бұл сыныптарда түсініп оқу, яғни арнайы алынған белгілердің негізінде тілді игеруді басты міндет етіп қояды. Түсініп оқу арқылы оқушылардың сөздік қоры молаяды, әртүрлі грамматикалық форма-лар мен құрылымдар бекітіліп, орфоэпиялық, интонациялық дағдылары нақтыланып, диалогтық, монологтық сөйлеу дамиды. Соңынан мазмұнды мәтіндерді оқу енгізіледі.

Диалог ауызша сөйлеудің бір түрі, екі немесе бірнеше адамдардың ойын айтуы. Ілікпе сөз және өзара байланысты болып бір бүтін мағына болмайды, сол себепті диалог байланыстырушы мәтіннің түрі. Қарым-қатынас үдерісін-де диалог дайындалмаған жағдаятқа байланысты сөйлеу. Диалогтық сөйлеу жағдаятпен тығыз байланысты, сол себепті сөйлеушілердің жауаптары бір-бірінен алшақ болмау керек, жеке-жеке тұрғанда олар хабарлаушылық қасиетінен айырылады да, мағынасыз болып қалады. Себебі, олар диалогтық бірліктен тұрады. Ал диалогтық бірлік ол мағына және құрылымы жағынан өзара тығыз байланысты бірнеше ілікпе сөздерден құралады. Ілікпе сөз - әңгімелесушінің сөзіне берілетін жауап. Диалогтың ары қарай дами түсуі ілікпе сөз – ынталандыру ілікпе сөз – реакцияға байланысты болады. Олардың арасындағы байланыс арқылы сөйлеу іске асады. Ынталандырушы ілікпе сөз - әңгімелесушінің қызығушылығын, ынтасын тудырады, сондай-ақ ол тек қана сұраққа жауап беру ғана емес, ол ынталануға айтылғанға келісуді, келіспеуді білдіреді, оны толықтырады. Олар жаңа әсерлерді тудырады да әңгімені жалғастыру үшін ілікпе сөздердің пайда болуын жандандырады.

Алғашқы айтылған ілікпе сөз диалогтың бастамасы болып саналады. Ол жайылма, жай немесе күрделі сөйлемдер болады. Келесі жалғастырушы ілікпе сөз бұрынғының құрамына қарай жасалады. Сондықтан диалогтар стилистикалық ерекшеліктеріне қарай: сұрау, лепті болып, олардың құрамында одағай, шылаулар, қаратпа сөздер де кездесіп отырады.

Диалогты үйрету үшін тілдік дайындық қажет. Оқушыға тірек сөздерді, сөз тіркестерін беріп, сөйлеу жолдарын ескеріп отыру арқылы жоспарланған лексиканы сөйлеуде пайдалануға жаттықтырылады. Сол сияқты сұраулы сөйлемдерді де міндетті түрде қолдану қажеттілігін ескерген жөн. Сұраулы сөйлемдер бір сөйлемнен екінші сөйлемге өту кезінде оқушының назарын

сөздің мағынасына аударуда көмек көрсетеді. Мысалы, әрбір Қазақстан азаматы еліміздің өсіп-өркендеуіне септігін тигізу керек. Ал сен не істей аласың? Сондай-ақ диалогтың екінші сөйлемдері алғашқы сөйлемнің мағына-сына байланысты болып, бір-бірін толықтыру ерекшелігіне де көңіл аудару керек.

Диалогты оқыту үшін мынадай түрдегі жаттығулар орындалады: дайын-дық үшін орындалатын жаттығулар; тілді жаттықтыру үшін орындалатын жаттығулар; сөйлеуді үйрететін жаттығулар.

Монолог диалогқа қарағанда тілдік құрылымы жағынан және мазмұны жағынан күрделірек. Өйткені ол – тақырыбы, композициялық құрылымы, негізгі ойы бар көлемді бір адамның сөзі.

Монолог – ол белгілі жоспарға сай дайындалған сөз. Ол диалогқа қараған-да құрылымы жағынан еркін болады. Сөйлеуші айтылатын сөздің мазмұны мен формасын өзі анықтайды. Монологтардағы сөздердің байланысу жолдарын күрделі құрылымдарға қолданылады. Сөздердің мұндай байланысу жолдары кітаби тілде кездеседі. Сондықтан монологтарға мынадай белгілер тән: сөйлемдері бір-бірімен байланыста болу; ойды жеткізудің бірізділігі; байланыстылығы; мағыналы қорытынды; тақырыптың бірдей, жоспары да бірдей болуы; жайылма.

Осы кезге дейін сөйлеуге оқыту мазмұны бағдарламада белгіленген әңгіме тақырыптары аясымен анықталады. Бірақ, әдебиеттерде бірнеше дүркін белгіленіп, тәжірибе көрсеткеніндей, материалды дәстүрлі тақырыптарда ұйымдастыру жеткілікті нәтиже бермеді. Себебі, сөйлесуде тақырып сөйлеу мазмұнына ұласқан нұсқа емес. Сондықтан, қатысымдық әдіс сөйлесуде оқыту үрдісін қарым-қатынас үрдісінің моделі ретінде құруды талап етеді. Ал сөйлеуге оқыту мазмұнын дұрыс анықтату тілдік материалдар негізінде сөйлесу жүйесіне дұрыс анықтаудан басталады. «Қатысымды мұқтаждықпен ұштастыра алатын, оны нысана ете отырып, сөйлеудің ішкі мотиві бола алатын, сөйлеудің осындай нысаны, яғни, берілген мағыналық мазмұн қажет», - деген И.А.Зимняның пікірімен келіспеске болмайды /4/.

Дегенмен методология ретінде қатысымдық ұстанымды қолдана отырып, сөйлесу мазмұнын шектеуге, яғни сөйлеуді оқыту мазмұны сөйлеу мазмұны-ның моделі етуге болады. Мәселен, мұндай модель мақсатты көздейді, тәжірибе алмасу үшін бара жатқан ғылыми қызметкерді, мұғалімді, инженер-ді дайындау сөйлесудің түрлі мазмұнын талап етеді. Кез келген модель секілді бұл да түпнұсқамен салыстырғанда оңайтылған болып келеді, бұл маңызды емес. Бастысы, сөйлеу өз табиғатында қаншылықты эвристикалы болса, тілдік материалды ұйымдастыру мен сұрыптаудың негізгі дәлелі солай эвристикалы болуы шарт, сондықтан табиғатына қарай ұйымдастырудың теңбе-теңдік сипаты маңызды болып есептеледі.

«Сөйлеуге үйрету» немесе «айту» дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірмен тілдесуі, сөйлесуі, яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлесуі, айтуы.

Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік реакция жасау немесе жауап қайтаруы. Мұның өзі сөйлеуге үйретудің тек бір адамға ғана байланысты мәселе емес екенін көрсетеді. Ол тілдік қатысым арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлесім-нің нәтижесінде түсінісуге жол ашылады.

Айту әрекетіне қатысты ең маңызды мәселе – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Бұл туралы тілші-ғалым Т.Сыздықованың түйген ойларының қай-қайсысы болсын тіл үйрену-шіге де, қатысушыға да пайдалы. «Тілдік нормалар оның барлық қатарында: сөздік қатысында (лексикалық), грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ, тілдің қолдану түрлерінде тілдің жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды».

Тыңдауға қатысты көңіл аударатын мәселелер: а) мәтінді түсінудің түрлерін меңгеру және қажет ойды қабылдау; ә) мазмұнына, құрылысына, т.б. қарай мәтінді жіктеп бөлу; б) тақырыпты дұрыс белгілеу; в) мәтіннің көлемін ескерту; г) оқушылардың мына сияқты икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады. Оқушының грамматикалық құрылымдардың, тіркестер-дің, сөздердің формаларын есту арқылы ажырата білуі және түсіну, өткен материалдың, мәтіннің мазмұнын есте сақтау және ұғыну, тыңдағанда, оқығанда сөйлеушінің ойын нақты, тез меңгере білу.

Сөйлесуге үйрету – айтылар ойдың түпкі мақсатын анықтап алумен тығыз байланысты, өйткені сөйлеу кезінде сөйлемдер қалай болса солай, бет алды айтыла берсе, ой жүйесіз, түсініксіз болады. Түсініксіз, жүйесіз айтылған сөз қарым-қатынас тудырмайды. Сондықтан екінші біреуге арнап айтылған ауызша сөйлеу оған түсінікті болу үшін, белгілі бір мақсатты көздеуі тиіс. Ондай арнайы көзделген мақсатты қатысымдық мақсат деп есептей отырып, тілдік қарым-қатынастың сапалы орындалуына себін тигізетіндігі ескеріледі.

Тұжырымдағанда, баланың ауызекі әрекетін дамыту тілдің қатысымдық қызметтеріне байланысты жүргізіледі. Өйткені қатысымдық әрекеттің өзі осы мақсаттарды іске асыру болып табылады. Ал бұл қатысымдық қызметтердің өзіндік икемділіктері мен дағдылары бар. Сөйлеуге үйрету осы икемділіктер мен дағдыларды қалыптастырғанда ғана тиімді болмақ. Бұл икемділіктер мен дағдылар лингвистикалық, психологиялық негіздерді басшылыққа алады.

1. Пиаже Ж. *Избранные психологические труды.* -М., 1969.
2. *Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы.* -Мәдени мұра, 2005 (V кітабы).
3. Жарықбаев Қ. *Психология.* -А.: Білім, 1993.
4. Зимняя И.А. *Психология обучения иностранным языкам в школе.* -М.: Просвещение, 1991. -222 с.

### Резюме

В данной статье рассматриваются особенности формирования языкового сознания у учеников начальных классов средней общеобразовательной школы.

## Summary

In this article features of formation of language's consciousness at pupils of initial classes of high comprehensive school are considered.

### **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САООПРЕДЕЛЕНИЯ ДЕТЕЙ-СИРОТ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ РАЗВИТИЯ**

**Даутказин М.** – *воспитатель,*

**Оспантаев А.** – *воспитатель*

*ГУ «Областной детский дом для детей с ограниченными возможностями развития» г. Караганда*

По данным многих исследователей число детей с ограниченными возможностями развития, в том числе и детей-сирот, имеет тенденцию к увеличению. В связи с этим совершенствование форм и методов их реабилитации и социально-трудовой адаптации является одним из актуальных направлений социально-психологического сопровождения в условиях детского дома.

Готовность к самостоятельной жизни предполагает, что молодой человек правильно выстраивает свои отношения с окружающими его людьми, имеет соответствующую его возможностям жизненную перспективу, любит и умеет трудиться и т. д.

Характерная особенность ранней юности - выстраивание жизненных планов. Жизненный план, в прямом смысле этого слова, возникает только тогда, когда предметом размышлений становятся не только конечный результат, но и способы его достижения, путь, которым человек намерен следовать, и те объективные и субъективные ресурсы, которые ему для этого понадобятся. То есть это план жизненного самоопределения, план того, чего человек хочет достигнуть, и профессиональное самоопределение играет в этом ключевую роль.

Одной из важнейших проблем в подготовке умственно отсталых детей-сирот к самостоятельной трудовой деятельности является формирование профессионального самоопределения, адекватного трудовым возможностям данной категории детей.

Понятия «склонности», «интересы», «профессиональная направленность» следует рассматривать во взаимосвязи с другими свойствами личности учащихся и особенностями их психофизического развития. Своеобразие интеллектуального и физического развития детей-сирот с умственной отсталостью не позволяет ставить вопрос о свободном выборе профессии самим учеником, как это делается в массовой школе. Вспомогательные школы стоят перед настоятельной необходимостью тщательного отбора наиболее доступных для воспитанников специальностей.

Сфера возможного приложения труда детей-сирот с ОВР носит относи-

тельно ограниченный характер. Однако это не означает, что коррекционный детский дом не может выполнить своей основной социальной задачи – подготовить воспитанников-сирот к самостоятельной трудовой жизни.

Содержание профессионального обучения умственно отсталых учащихся-сирот должно соответствовать их склонностям и возможностям. Далеко не все выпускники коррекционного детского дома работают по полученной в школе профессии, так как часто проявляется несоответствие между уровнем профессиональной подготовки воспитанников детского дома и требованиями современного производства.

Часть выпускников коррекционного детского дома не выдерживает ритма и темпа работы, не умеет войти в коллектив, найти в нем свое место. Воспитанники коррекционного детского дома овладевают многими специальностями. Так, например, они под руководством школы выбирают профессию столяра, слесаря, швеи, сапожника, строителя. Вместе с тем им явно недоступны профессии, предъявляющие повышенные требования к интеллекту и коммуникативной деятельности. Им нельзя работать там, где предъявляются повышенные требования к технике безопасности. Исключаются также профессии, вредные для здоровья, превосходящие их физические возможности и усугубляющие имеющиеся заболевания.

Как известно, для умственно отсталых детей-сирот характерна пониженная работоспособность, быстрая утомляемость, слабость волевых усилий, отсутствие умения преодолевать трудности и использовать свои физические ресурсы. Особенно резкие колебания работоспособности наблюдаются у детей-травматиков и у детей с текущим заболеванием центральной нервной системы.

При осуществлении профотбора и профессиональной подготовки умственно отсталых детей-сирот следует учитывать не только их физическое состояние, но и особенности психического развития (память, внимание, речь, мышление, эмоционально-волеву сферу и т.д.). В целом у воспитанников детского дома отмечается качественное снижение уровня развития психики по сравнению с нормально развивающимися сверстниками. Свообразие психического развития обусловлено особенностями высшей нервной деятельности. У умственно отсталых детей отмечается нарушение основных свойств нервных процессов – силы, подвижности и уравновешенности. Условные связи формируются медленно, они непрочны, косны и слабо дифференцированы. Нарушено взаимодействие первой и второй сигнальных систем.

По мере обучения и воспитания у воспитанников коррекционного детского дома дефекты психофизического развития поддаются коррекции и определенной компенсации. Вследствие этого уровень профессиональной дееспособности воспитанников несколько повышается. Поэтому одним из направлений социально-психологического сопровождения в условиях детского дома является изучение склонностей воспитанников, их тяготение, стремление к

определенному роду занятий и формирование соответствующей профессиональной направленности с учетом объективных возможностей включения выпускников в профессиональную деятельность.

Имеющиеся исследования дают возможность раскрыть динамику профессиональных склонностей детей-сирот с ОВР в различные возрастные периоды под влиянием целенаправленного педагогического воздействия.

В этот период у них появляется потребность обсуждать вопросы будущего. Представления о выбираемой профессии, как правило, носят практическую направленность, что связано с характером трудового обучения в школе и с уже приобретенными трудовыми навыками и умениями. Однако при этом умственно отсталые школьники отдают явное предпочтение таким недоступным для них специальностям, как шофер и т.д. Постепенно они начинают отдавать предпочтение доступным для них производственным профессиям (швея, столяр, слесарь, переплетчик и т.п.). Обнаруживается завышенная самооценка, имеющая тенденцию к объективизации по мере взросления ученика.

Многим старшеклассникам свойственны уверенность и целенаправленность в доступной им сфере конкретно-практической деятельности. Старшеклассники коррекционного детского дома адекватно переживают свои успехи и неудачи, проявляют настойчивость в достижении конкретной цели. Исследования К.М. Турчинской свидетельствуют о том, что уровень профессиональной устойчивости выпускников коррекционного детского дома значительно ниже уровня профессиональной устойчивости выпускников профессиональных училищ. Наряду с частой сменой профессии наблюдается частая смена места работы. Нередки случаи, когда выпускник коррекционного детского дома каждый год меняет место работы.

В целях повышения профессиональной направленности выпускников коррекционного детского дома необходимо, во-первых, улучшить воспитательную работу с ними на производстве и, во-вторых, усовершенствовать систему социально-психологического сопровождения в детском доме.

Под профессиональной направленностью понимается установка личности на развитие качеств, необходимых для успешного труда в избранной области. Формирование профессиональной направленности предполагает развитие соответственных интересов. Известно, что интерес побуждает личность к активной деятельности. Интерес способствует повышению качества усвоения знаний и стимулирует работоспособность.

Исследования К.М. Турчинской раскрывают особенности проявления профессиональных интересов у умственно отсталых школьников в различные периоды их обучения.

Существенным компонентом интереса выступает мотив. Учащиеся 5-8 классов коррекционного детского дома затрудняются мотивировать свой интерес к той или иной профессии. Большинство из них указывают на отдельные, внешне привлекательные для них стороны. В качестве другого

мотива выдвигается желание работать вместе с родителями. Незначительное число учащихся называет существенные качества профессии и ее значимость.

У многих воспитанников детского дома обнаружено значительное несоответствие между названными профессиональными интересами и содержанием профессионального обучения в школе. У подростков-сирот с ОВР профессиональные интересы незрелы, малоустойчивы, недостаточно осознаны. У них отсутствует или слабо выражена профессиональная направленность. Профессиональное самоопределение подростков-сирот с ОВР затруднено в связи с бедностью жизненного опыта, ограниченностью знаний, неточностью понятий, представлений, незрелостью чувств, интересов, неадекватностью самооценки и социальной депривации. Выпускники коррекционного детского дома, как правило, не достигают такого уровня профессионального самопознания, который позволил бы им самостоятельно объективно оценить свои склонности и возможности. Однако при этом они понимают необходимость труда, выражают желание трудиться и стать полезными членами общества. В старших классах несколько чаще происходит совпадение профессионального интереса с выбором специальности, что связано с проведением целенаправленной работы по профессиональному самоопределению.

Правильному определению профессиональных возможностей воспитанников коррекционного детского дома способствуют специальные медико-психологические обследования и основанные на этих данных квалифицированные консультации.

Таким образом, профессиональное самоопределение выпускников коррекционного детского дома должно осуществляться в процессе комплексного социально-психологического сопровождения. Но формирование профессионального самоопределения является достаточно долговременным процессом, поэтому направленную работу следует начинать одновременно с началом трудового обучения, не ограничиваясь только формированием умений и навыков. Только тогда воспитанник коррекционного детского дома, опираясь на помощь взрослого, сможет выбрать для себя профессию, отвечающую его интересам и адекватную его возможностям. Знание профессиональной направленности личности, ее способностей и подготовленности, а также методов изучения личности поможет воспитателям, мастерам трудового обучения и лицам, занимающимся консультацией, в решении главной задачи, состоящей перед ними – воспитанию психологической готовности ребенка с ограниченными возможностями развития к труду и выбору профессии.

1. Бондарь В.И., Еременко И.Г. *О совершенствовании подготовки умственно отсталых детей к самостоятельному труду.* //Дефектология, 1990. – № 3.

2. Головаха Е.И. *Жизненная перспектива и профессиональное самоопределение молодежи.* –К., 1988

3. Копылова Т.Г., Лашина О.Л. *Система профориентационной работы в коррекционной школе VIII вида.* //Дефектология, 2006. – №5.



4. *Пряжников Н.С. Профессиональное и личностное самоопределение. -М., 1996.*
5. *Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности. -Алма-Ата, 1990.*
6. *Турчинская К.М. ПрофорIENTATION во вспомогательной школе. -К., 1976.*
7. *Шинкаренко В.А. Трудовое обучение и воспитание учащихся вспомогательной школы. - Минск, 1990.*

### **Түйін**

Бұл мақалада дамуында әртүрлі шектеулері бар жетім-балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауының әлеуметтік-психологиялық аспектілері қарастырылады.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются социально-психологические аспекты профессионального самоопределения детей-сирот с ограниченными возможностями развития.

### **Resume**

This article discusses the socio-psychological aspects of professional self-determination of orphan children with disabilities development.

## **СТУДЕНТТЕРДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ СТРЕССТІ ТУДЫРАТЫН ЖАҒДАЙЛАР**

**Ибашова М.С.** – *Психология ҒЗИ аға ғылыми қызметкер,*  
**Баймолдина Л.А.** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы және этникалық психология кафедрасының PhD докторанты,*  
**Косшыгулова А.С.** – *Психология ҒЗИ инспекторы*

Қай заманда болмасын адамның денсаулығы мен мәдениеті өркениеттің дамығандығын сипаттайтын негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Қоғамдық дамудың қазіргі жағдайы барлық жастағы адамдардың, әсіресе жастардың, денсаулығының нашарлауына байланысты белгіленген беталысымен және қоғамды ізгілендіру үрдісінің дамуымен, тұлғаны басты құндылық ретінде қарастыруда. Жас ерекшелігі және педагогикалық психология-дағы студенттік жас ерекше кезең болып бөлінеді, ол 18 ден 23-25 жас аралығын қамтиды, яғни жас адамдардың ерекше оқу ортасында дамып, шағын уақыт аралық бойында оларда байыпты психологиялық және физика-лық өзгерістердің болу кезі.

Жоғары оқу орындарында білім алу студенттердің денсаулығына ерекше назар аударуды қажет етеді. Студенттер – белгілі бір жас мөлшеріндегі, өмір және еңбек жағдайлары өзіне ғана тән, ерекше әлеуметтік топ. Әрдайым дене және психикалық жүктемелерінің шамадан тыс болуы, еңбек, демалыс, тамақтану кестесінің бұзылуы оқу үрдісінің нәтижелілігін төмендететін бейімделу процесінің ширығуына және әр түрлі функционалдық қызметтері-нің бұзылуына, ауруға шалдығуға әкеліп соғады.

Мамандардың пікіріне сәйкес, студенттер еңбегі ерекше спецификациялық

қатардан орын алады да, әр түрлі ақпаратты өңдеу мен қабылдау кезінде уақыт тапшылығы әсерінен жүйкелік – психологиялық ширығу жағдайының жиі байқалуы, сонымен қатар жұмыстың негізінен кешкі және түнгі уақытта орындалуы олардың соматикалық денсаулығы мен психикалық жағдайла-рында әсер етеді. Жаңа факторлар кешеніне бейімделу күрделі көп деңгейлі әлеуметтік-психофизиологиялық үрдіс болып табылады және студенттер ағзасындағы компенсаторлы-қалыптасу жүйесінің ширығуымен қоса жүреді. Соңғы 10-15 жылда студенттердің білім алуы барысында ақпараттық жүктеменің ағымы айтарлықтай өсті. Емтихан сессиясы кезінде студенттердің интеллектуалды-эмоционалды жағдайына шамадан тыс жүктемелер әсер ететіндіктен, орталық жүйке жүйесінің козу үрдістері жоғарғы дәрежеде болатындығы анықталды [1].

Осының барлығы ағзаның физиологиялық жүйесінің жағдайын зерттеудің өзектілігін көрсетеді, әсіресе студенттердің оқу барысындағы, сондай-ақ емтихан кезіндегі нейровегетативті реттелуінің ерекшеліктері студенттердің денсаулық жағдайын нығайту стратегиясын жасау керектігіне дәлел болады. Жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы кезеңдері студенттердің ағзасына бірнеше жаңа факторлардың әсер етуімен сипатталады, олардың ішінде оқу үрдісінің ерекшеліктері, жаңа ұжым, үй-тұрмыс жағдайы және тамақтануы оқу үрдісіндегі басты рөл болып табылады.

Сонымен қатар, әдебиеттерде көрсетілгендей, әсіресе алғашқы оқу кезеңдерінде (төменгі курста) студенттердің жоғарғы потенциалды психоәлеуметтік бейімделуінің бұзылуы, ол ақыл-ой жұмысының ширығуы нәтижесінде емтихан тапсыру, мекенжай ауыстыруы және әлеуметтік қарым-қатынастар, созылмалы аурулары салдарынан болуы мүмкін. Айқын психоәлеуметтік бейімделудің бұзылуы негізгі танымдық психикалық үрдістерге зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттеріне кері әсер етеді.

Стресс терминін алғаш рет 1936 жылы Канада ғалымы Ганс Селье енгізген. Ол стресті белгілі бір төтенше жағдайларда пайда болатын реакция деп қарастырған [2]. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. Ауа-райының күрт өзгеруі, жұмыстағы көптеген мәселелер, көліктегі ұрыс-керіс, кездесуге кешігу, отбасындағы келенсіздіктер... Осының бәрі әр адамға әртүрлі әсер етеді. Тіпті оның зардабынан жүйке жүйесі бұзылып, әртүрлі ауруға шалдығуға себеп болады. Кей адамдар жағымсыз жағдайларға көп көңіл бөлмейді, қандай мәселе болмасын шыбын шаққан құрлы көрмейді. Екінші біреулер салы суға кетіп, ауруына ауру жамап жатады. Демек, бұл тек көңіл-күйге әсер ететін психологиялық фактор ғана емес, адам денсаулығына кейде шешуші әсер ете алатын медициналық проблема. Ағзадағы барлық құбылыс мидың козуынан басталатыны белгілі. Кез-келген жағымсыз құбылыс алдымен мидың елегінен өтеді. Келесі кезекте оған эндокриндік жүйе қосылып, бүйрек үсті бездері гормондар бөле бастай-ды. Осымен бір мезетте вегетативті жүйке жүйесі жұмысын бастайды, артериалды қан қысымы көтеріледі, жүрек соғысы жиілейді, стрессті

жағдайға бейімделуге, қарсы тұруға көмектесетін көптеген өзгерістер жүзеге аса бастайды.

Г.Селье концепциясында жалпы бейімделу синдромы деп аталған стресс түсінігіне сәйкес “эмоционалды стресс” және “стресс” түсініктері қатар жүреді. Бұл жерде адамның әсер етушіге берілетін жауабы психологиялық күйлер жайлы айтылады. Сондықтан да “эмоционалды стресс” түсінігімен қатар “психологиялық стресс” түсінігі қатар қолданылады. Кассиль, М.Н.Ру-салова, Л.А.Китаев-Смык және тағы басқа авторлардың зерттеулерінде эмоционалды стресс түсінігімен психикалық және мінез-құлықтық көрініс-тердің өзгерісімен түсінеді, Ю.Л.Александровский эмоционалды стрессті психикалық бейімделудің болмауымен байланыстырады [3].

Стресс – бұл күтпеген, шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп-қатер жағдайындағы жылдам әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, қауіптенген сәттегі көрсететін реакция болып табылады. Стрестік жағдайда мақсатты әрекет зейінді аудару мен бөлуді жүзеге асыру қиынға соғуы мүмкін, тіпті әрекеттің жалпы тежеліске ұшырауы немесе мүлдем бұзылуы мүмкін. Бірақ бұл кезде дағды мен әдет өзгеріссіз қалады да сапалы әрекет орынына жүреді. Стресс кезінде қабылдау, ес қажеттіліктері, кенеттен көрінген қарсыластардың санын анықтауда күтпеген жерден туған әсерге сай келмейтін реакциялар, тағы басқа болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайдың адамда стрестік күй тудыра алатынын немесе тудырмайтынын алдын ала анықтау мүмкін емес. Стрестік жағдайдағы мінез-құлық көбіне адамның жеке басының ерекшелігіне – оның жағдайды тез бағалай білуіне, күтпеген жағдайда қолма-қол бағдар табу дағдысына, ерік жинақтығына, бағыттылығына, әрекет мақсаттылығы мен ұстамдылығының өрбуіне, осы тәрізді жағдайларда бастан кешірген мінез-құлық тәжірибесіне байланысты болып келеді.

Эмоционалды стресс – бұл қақтығысты өмір жағдайларында, адамның әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктерін қанағаттануын ұзақ уақыт шектейтін, айқын көрінетін психоэмоциялық бастан кешулері. Стрестің биологиялық мәні ағзаның қорғаныс күшін жұмылдыра алуында. Экстремалды және бұзушы факторлар кезінде әрекетке ең сезімтал стрестік реакцияға араласатын эмоциялық аппарат болып табылады. Сондықтан жиі жағдайда эмоциялық стресс жайлы сөз қозғалады Ересектерге қарағанда балалар эмоциялық стресске жиі ұшырайды, өйткені олар сезімтал және эмоциялы жараланғыш, жағдайларға бейімделушілігі де төмен. Эмоциялық стресс гомеостазаның бұзылуына байланысты бейімделушіліктің кемістігі ретінде қарастырылады [4].

Эмоционалды стрестер өзінің тегі бойынша әлеуметтік болып табылады. Ғылыми-техниканың дамуы, өмір қарқынының жылдамдығы, ақпараттың көп болуы, адамдар арасындағы қақтығыстық жағдайлар, экологиялық жағымсыздық нәтижесінде олардың кездесуі өте жиіленді. Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған

қарсы тура алушылық та әр алуан. Отбасындағы бірнеше рет қайталанған күрделі жағдайлар және одан тыс жағымсыз жағдайлар эмоционалды стресстің туындауына әсер етеді. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді. Балалардағы эмоционалды стресс жиі жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды.

Стресстің екі формасын бөлуге болады: 1. Тиімді стресс – эустресс. 2. Зиян келтіретін стресс–дистресс. Эустресс–ағзаны жұмылдыратын және тілекті тиімділікпен біріктіретін тиімді стресс. Дистресс – іс-әрекеттің орындалуына кедергі келдіретін, ағзаның жұмылу деңгейін төмендететін стресс. Эустресс барысында таным процестерінің және өзіндік сананың белсенділігі, шындық-ты, есті саналау жүзеге асады. Дистресс негізінде адам түрлі физиологиялық ауруларға шалдығуы ықтимал. Стресстің эустресс сипатында болуы үшін белгілі бір жағдайлардың болуы қажет:

1. Жағымды эмоционалды фон;
2. Кейбір мәселелерді шешкенде жағымды жағынан қарастыру;
3. Адамның іс-әрекетін әлеуметтік қоршаған орта жағынан мақұлдау;
4. Стрессті жеңу үшін жеткілікті қордың болуы.

Стресстің дистресске өтуі осы факторлардың болмауынан болуы мүмкін, немесе субъективті сипаттардың болуы:

1. Эмоционалды-когнитивті факторлар: қажет ақпараттың жеткілісіз болуы, жағдайды жағымсыз жағынан болжау, болған мәселені шеше алмаймын деген сезім және т.с.с;

2. Стресстің шектен тыс күшті болуы, ағзаның бейімделу мүмкіндіктерінен жоғары болуы;

3. Бейімделу қорларын қажытуға әкелетін үздіксіз үлкен стрессорлы әсерлер [5].

Вонг өмірлік стресстердің классификациясын ұсынады:

1. Эмоционалды стресс: *Эмоционалды жағымды стресс*. Кез-келген стресс ағзаға өзінің зиянды әсерін тигізеді деген түсінікке қарамастан, стресстің бұл түрі “жағымды” аз болса да жеңілірек стресс деп айтылады. Адам айқын эмоцияларды басынан кешіреді, мысалы, билеттен ұтыс шығуы, үйлену тойы, баланың өмірге келуі т.с.с Бастан кешірген стресске қарамастан ағза жыздамырақ қалпына келеді. Кейбір жағдайларда эмоционалды жағым-ды стресс қайғылы оқиғаға әкеліп жатады, әсіресе адамның денсаулығы әлсіз болса, сондықтан да жасы келген кісілерге кез-келген күшті эмоцияларды бастан кешірумеуді ұсынады. Бұндай жағдайларда стресстің зиянды әсерінің мүмкіндігін есепке ала отырып бұндай жағдайлардан қашуға тырысу керек, сонымен қатар, мүмкіндікке қарай бұндай адамдарға ақпаратты жәймен отырып жеткізуге тырысу керек. *Эмоционалды жағымсыз стресс*. Стресстің бұл түрі барлық адамдарға таныс болуы мүмкін. Бұны әдетте жағымсыз эмоциялар тудырады, соның салдарынан стресстік жағдайлар болып жатады. Кейде біз бұндай стресстерден өзіміз шығып жатамыз кейде туысқандардың көмегімен, ал кейде кәсіби білікті мамандарға жүгінеміз.

2. Тұлғаишілік стресс. Өзімен өзің болу әлемінде өмір сүру! Біздің іштей мазасыздануларымыз, көңіліміздің толмауы, ашуланшақтық, күйгелектену, қанағаттанбаушылық салдары стрессті дамытады. Ішкітұлғалық стресске әдетте орындалмаған қажеттіліктеріміз, армандарымыз, тілегіміз, үмітіміз т.б. жатады.

3. Тұлғааралық стресс.

4. Жеке стресс.

5. Жанұялық стресс.

6. Жұмыстағы стресс. Мансапты жоғарлатуға тырысу және сонымен қатар одан нәтиже болмау немесе шамадан тыс жоғары жүктеме ол физикалық немесе ақыл-ой жұмсайтын жүктеме болсын бәрібір, егер де сіз ұзақ жұмыс-тан шаршап жүрсеңіз немесе үнемі жағымсыз эмоциялар болып тұрса онда ол жұмыстық стресске ауысуы мүмкін. Бұны жиі еңбекті дұрыс бағаламау-мен, рөлдік айқынсыздықпен және жұмыстағы қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтамаумен байланыстырып жатады.

7. Экологиялық стресс. Жағымсыз экологиялық факторлар тікелей біздің денсаулығымызға әсер етеді. Әртүрлі факторлар соның ішінде химияның, шудың, судың ластығы т.б. ағзамызға тұтастай теріс әсерін тигізеді. Осын-дай себептер, және де жаман экологиялық жағдайды жағымсыз әсерлерді күту экологиялық стресске әкеледі.

8. Қаржылық стресс. Қазіргі кезеңде немесе біз өмір сүріп отырған уақыт ақшаның үлкен рөл ойнайтын кезімен сәйкес келіп тұр. Тамақ алуға, тұрмыс-қа қажетті заттарды сатып алу, пәтер ақысын төлеу немесе т.б. қажеттілік-терді өтеуге ақша төлейміз. Біздің тапқан табысымыз шыққан шығынымызды өтей алмайтын жағдайға жеткенде қаржылық стресс туады. Күтпеген жерден шығын шығару, жоспардан тыс шығындар, қажет затқа несие ала алмау, еңбек ақысын аз төлеу т.с.с. стрессті тудырады.

9. Қоғамдық стресс. Біз қоғамда өмір сүріп отырғандықтан онда болатын мәселелерден қашып кете алмаймыз. Қоғамдық стресс кейбір адамдардың тобында дамиды. Қоғамдық стресстің себебі экономикалық, саяси және т.б. мәселелерден болуы мүмкін [6].

Стресстің белгілерін 2 категорияға бөлуге болады: физикалық және психологиялық. *Физикалық белгілер:* Ұйқының қашуы. Бас аурулары. Іштің қатып қалуы. Іш өту. Жиі кіші дәретке бару. Жүрек соғысының жиілеуі. Іш аурулары. Жүрек айну немесе құсу. Тәбетті жоғалту немесе үнемі ашығу сезімінің болуы. Етеккірдің бұзылуы. Денеге бөрітпелердің шығып кетуі. Тері қышымасы. Омыртқаның ауруы. Асқазандағы қыжыл. Кеуде тұсының ауруы. Терең рахаттанып дем ала алмау. Аллергиялық реакциялар. Қан қысымының жоғарлауы. Бұлшықеттердің ауруы.

*Психологиялық белгілер:* а)депрессия. Әдетте депрессия ашушандықтың пайда болуымен көрінеді. Стресстік жағдайларда адамдар кейбір өмірлік аспектілерге бақылауды жоғалтқанын сезінеді. Ағзаның физикалық жағдайының төмендеу симптомы және мінез-құлықтың өзгеруі жиілей бастайды. б)

ұқыпсыздықтың жоғарлауы. Стресс назар аударуды төмендетеді және назарды жұмылдыру қабілетін төмендетеді. Бұның нәтижесінде ұқыпсыздық, зейіннің шашыраңқылығы немесе қате шешім қабылдауды тудыруы мүмкін. в) қорғаныс позициясы. Бұндай дабылдың пайда болуы адамның өзіне сәйкес емес талаптар қойған кезде болады “күшті болу”. Ол әлсіз болмауы керек, стресстің әсеріне берілмеу. Кейде бұндай позиция – көпшіліктің алдындағы ойын сияқты, ал кейде – сенім, нәтижесінде төмен өзіндік бағалауға алып келеді. Көптеген адамдар стресске бағынбауға тырысады. г) Өз бетімен істей алмаушылық. Кейбір адамдар стресстік күйге түскен кезде өзінің қызметін орындау қабілетін жоғалтады. Құлдилау үрдісі басталады: олар бұрынғы кезіндегідей болып қалғысы келді – өзіне өзі сенімді қалпы, сондықтан да бұл дабылдың пайда болғанынан қорқады, және одан да қорқыныштысы өз бетімен істей алмағанын қоршаған ортадағылар байқап қояды ау деген қорқыныш. Өзін кінәлау сезімі стрессті жиілетеді. д) Іскерлік қасиеттерді жоғалту. Шешім қабылдаудан қорқыныш және ойлаған істі орындауға деген қорқыныш. Стресс әдетте бақылауды жоғалтумен, таңдауды шектеумен көрінеді. Бұндай жағдайда өте қарапайым шешімді қабылдау қиынға соғады, ал ең бастысы - оны орындау. **Эмоционалды белгілер:** а) импульсивті мінез-құлық. б) көңіл-күйдің төмендеуі. в) ыза. г) есте сақтаудың және назар аударудың бұзылуы. д) мазасыз ұйқы (қорқынышты түстер). е) негізсіз агрессия. ж) ашуланшақтық, жиі жылау. з) назарды бір жерге аудару алмау, ойлаудың бұзылуы. и) ырықсыз, шектен шыққан мінез-құлық. **Мінез-құлықтық белгілер:** тынымсыз шашын қолымен орау, тырнақты тістелеп мұжу, сыртқы түр-әлпетіне көңіл бөлмеу, маңдайға әжім түсіру, тістерін шықырлату, орынсыз ашуланып күлу, темекі шегуді жиілету, шектен тыс дәрі қабылдау, аяқтарын қозғалтып немесе саусақтарымен тықылдату [7].

Стресстің ең негізгі факторларының бірі эмоционалды қобалжушылық, ол физиологиялық тұрғыда адамның эндокринды жүйесінің бұзылуымен көрінеді. Мысалға, клиникадағы науқастарға эксперименталды зерттеу жүргізгенде, үнемі нервті ширығуда жүретін адамдарда вирусты инфекция-ларға төзімділік қабілеттерінің жоқ екендігі байқалған. Бұндай жағдайда маманданған психологтардың көмегі қажет болады.

Студенттік өмір төтенше және стресс тудыратын жағдайларға толы. Сондықтан да студенттер стрессті және жүйке-психикалық шиеленістерді үнемі бастан кешіреді. Негізінен студенттерде стресс ақпараттың өте үлкен болуынан, семестрдегі жүйелік жұмыстың жоқ болуынан, сессия тапсырудың алдында дамиды. Студенттердің эмоционалды ширығуы сессияның алдында 3-4 күн бұрын басталады да ары қарай ұзақ уақыт жалғасады. Эмоционалды ширығудың ұзақ уақытқа созылуы стресстің үздіксіз болғандығын көрсетеді. Бұндай стресстің салдарынан невроз пайда болуы мүмкін, яғни жүйке жүйесінің аурулары. Ағзаны мүмкіндігінен тыс жұмыс істеуге мәжбүрлеген кезде бірінші кезекте жүйке жүйесі зақымданады және оның қорлары шаршайды. Зерттеулер көрсеткендей, невроз адамдар ұзақ уақыт бойы стресс

күйінде жүрген кезде пайда болады. Невроз – бұл аурудың түріне жатпайды, ол кейбір стресстік жағдайларда адамның әртүрлі “қалыпты” реакциясы. Өз кезегінде өмірдегі ұрыс-керістер, сәтсіздіктер стрессті тудырады мұны психиатрлар психикалық травма деп атайды. Оқыту кезеңі тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер етеді, сондықтан да студенттердің психикалық денсаулығы өте өзекті мәселе.

Студенттердің 3 тобын бөлуге болады: 1-ші топ – невротикалық бұзылулары бар; 2-ші топ – невротиканың дамуы мүмкін; 3-ші топ – дені сау. Невротикалық бұзылу деңгейі оқудың әр жылында көбейе беруі мүмкін. Невротикалық бұзылулары бар студенттер өз уақыттарын дұрыс ұйымдас-тыра алмайды ал бұл оларды астенизацияға алып келеді (яғни, орталық нерв жүйесінің функционалды мүмкіндіктері, жұмысқа қабілеттілігі төмендейді, психикалық шаршау болады, зейін аудару, есте сақтау қабілеттері төмен-дейді, ашушаң бола бастайды). Невротикалық бұзылулары бар студенттердің ұйқысы қанбай жүреді. Неврозбен ауыру оқу үлгерімінің нашарлауына әкеледі. Кейбір студенттер қарым-қатынасты жақсарту, өмірдің кейбір қиындықтарын шешу үшін ішімдікке үйір бола бастайды [8].

Стресс мәселесі күрделі және әр қырлы. Оқу үрдісіндегі стрессті ретке келтіру қажет. Бұл студенттердің өздерінің, оқытушыларының, әлеуметтік педагогтардың, психологтардың міндеті. Бұны шешудің жолдары студенттердің кәсіби мотивациясына, оқу үрдісін дұрыс түсіну, салауатты өмір сүру, тренингтік курстарда жатуы мүмкін. Күнделікті өмірдің қарқындылығы және шиеленістердің көп болуы психологиялық деңгейде жағымсыз эмоциялық мазасызданулардың және стресстік жағдайларды тудырады. Қазіргі студенттерге барлық адамдар сияқты стресс бұл жоғарыдан келген бір күш емес, ол жиналып қалған мәселелерге реакциясы, күнделікті өмірдегі қиындықтармен үздіксіз күрес деп есептеуге болады. Стресс жұмыспен және іс-әрекетті ұйымдастырумен немесе адамның жеке өміріндегі бір жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Жоғары оқу орнында оқитын студент үшін мәселелер мен қиындықтарға мыналар жатуы мүмкін: ұйқының қажетті деңгейде жеткіліксіз болуы;

- өз уақытысында тапсырылмаған және қорғалмаған тәжірибелік жұмыстар;
- орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған тапсырмалар;
- кейбір сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспауы;
- өз уақытысында курстық жұмысты немесе пән бойынша проектіні қорғай алмау;
- пән бойынша жеткілікті білім ала алмау;
- белгілі бір пәннен жаман баға алу;
- белгілі бір уақытта бір тапсырманы орындау;
- рөлдегі шиеленіс. Бұл топтағы студенттермен мұғалімнің арасында шиеленіс болуы мүмкін. Бұндай жағдайда студент қатты мазасызданады, уайымдайды өйткені ол топтада жағымды қатынас орнатқысы келеді мұғаліммен де шиеленіске түскісі келмейді; студентте берілген жұмысқа

немесе пәнге қызығушылықтың болмауы; физикалық жағдайдың нашар болуы (бөлме температурасының дұрыс болмауы, күн сәулесінің түспеуі немесе шектен тыс шудың болуы және т.б.) [9]. Сонымен қатар, жеке факторларды да есепке алу керек. Бұған жанұя мүшелерінің біреуінің ауруын, жақын адамдармен немесе топтағы студенттермен ренжісіп қалу, басқа жаққа қоныс аудару, достарының санының өзгеруі, маңызды бір жетістікке жетуі, қаржы жағдайының өзгеруі тағы да басқа жағдайларды жатқызуға болады.

Оқыту жұмыстарының көптеген түрлерінің ішінен стресс деңгейі бойынша бірінші кезекте емтихан түр. Сондықтан студенттердің денсаулығы мәселесі төңірегінде сөз болғанда емтиханның ұйымдастырылуын қарастыру қажетті-лігі туындап отыр. Емтихан күйзелісті толығымен жоққа шығара алмайды, бұл сезім емтихан барысында қажет, себебі ол ақыл-ой мүмкіндіктерін, ерік күшін жұмылдырып, мотивацияның жоғарлауын қамтамасыз етеді. Аталған іс-әрекеттің өнімділігі, күйзеліс деңгейінің дистресске дейін өскен жағдай-ында, бірден төмендейді. Мұндай жағдайда зейіннің, есте сақтаудың нәтиже-лілігі нашарлап, психосоматикалық жүйенің жұмысын бұзатын жағымсыз вегетативтік өзгерістер пайда болады. Әрине, студенттердің күйзеліске тұрақтылығы жеке-дара құбылыс, дегенмен де көптеген студенттер үшін төменде ұсынылған бағдарламаның үлгісі пайдалы болып, жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізілуі мүмкін:

1. Семестр бойы психологиялық жүктемені біркелкі үлестіру, емтихандық бағаны қойған кезде студенттің ағымдық жұмыстарын ескеру. Студенттерді жұмысқа ынталандыру жүйесін енгізу, оқуға деген мотивациясын көтеру.

2. Емтихандық күйзелістерді төмендетуге мүмкіндік беретін емтихан түрлерін енгізу (жазбаша емтихан, топтық түрдегі емтихан, тест және т.б.).

3. Күйзеліске қарсы тұру деңгейі төмен студенттермен жеке жұмыс түрлерін өткізу.

4. Емтихан кезінде жағымды қалыпты қарым-қатынас жағдайын жасау, оқытушының мінез-құлқы емтихандық күйзелісті күшейтпейтіндей болуы қажет.

5. Студенттерді эмоциялық күйлерін өздігінен реттеу дағдыларына үйрету.

Стресспен күресудің көптеген әдістері бар. Кез-келген студент қолдануға болатын кейбір әдістерді ұсынуға болады:

1. Стрессті жеңу үшін жағдайға бақылау жасау ең маңызды фундамен-тальды қатынастың болуы мүмкін.

2. Стресстен қорғануда қиялға берілуге болады. Оны психикалық релак-сация жасау үшін қолдануға болады.

3. Таза аумен қыдыру.

4. Мәдени шара өткізетін орындарға бару (театр, мұражай, көрме, кино т.б.)

5. Достармен қарым-қатынас жасау немесе басқа өзіне ұнайтын адам-дармен.

6. Стрессті емдеудің дәрісі ретінде күлкіні айтуға болады. Күлкі барлық



бұлшықеттерді жаттықтырады, бас ауруын емдейді, артериальді қан қысымын төмендетеді, дем алуды және ұйқыны реттейді. Күлкі кезінде қанда стресске қарсы гармондар пайда болады. Стресс кезінде де қанда гармондар пайда болады бірақ олар стресстік: адреналин и кортизол.

7. Уқалау. Өзін-өзі уқалауға да болады.

8. Спортпен шұғылдану (жүгіру, жүзу, спорттық ойындар және т.б.). Кез-келген физикалық жаттығулар стресстің гармондарын шығарады.

9. Стресспен күресу үшін көптеген жаттығулар бар. Оған 3 жаттығудың түрін жатқызуға болады: релаксационды (аутореттеуші дем алу жаттығу-лары, бұлшық еттерді босаңсыту); көзді жаттықтару жаттығулары. Оларды күні бойы барлық жерлерде жасауға болады; стресске қарсы дем алу жаттығулары [10].

Сонымен, стресс – бұл әр студенттің күнделікті өмірінің бөлінбес бөлшегі. Стресске деген реакция жұмыс күнінің басталғанынан бастап, дұрыс тамақтану, белсенділік, дем алудың және ұйқының сапалы болуы, қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынас. Студенттің өзіне байланысты өмір сүруі қалай болатыны – сау, белсенді өмір сүреді ма немесе керісінше дұрыс өмір сүруді таңдамауы. Стресс дегеніміз – адамның өмірде болып жатқан өзгерістерге бейімделе алмауы. Өзгерістер жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін. Осы атап өтілген факторлардың екеуінде стресс жағдайын тудырады. Бірақ олардың біреуі тек елеусіз үстірт өтсе, ал екіншісі өте терең жүреді. Атап өтілген факторлардың жүруі адам тұрғысымен тікелей байланыста. Яғни, сезімтал тұлғалар стрессті ауыр түрде көтереді де, ал бойындағы қасиеті берік тұлғалар стресске бейімделе алады және стресстен оңай шығады.

1. Аракелов Г.Г. Стресс и его механизмы // *Вестн. Моск. ун-та. Сер. 14.*
2. Селье Г. *Очерки об адаптационном синдроме.* -М., 1990.
3. Китаев-Смык Л.А. *Психология стресса. Психологическая антропология стресса.* – М.: Академический проект, 2009.
4. Губачев Ю.М., Иевлев Б.В., Карвасарский Б.Д. и др. *Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии.* -Л.: Медицина, 1996, 224 с.
5. Элкин А. *Стресс.* М.-СПб.-Киев, 2006.
6. Бодров В.А. *Информационный стресс.* -М.: ПЕР СЭ, 2004. -382 с.
7. Щербатых Ю.В. *Психология стресса и методы коррекции.* -СПб.: Питер,
8. Руденский Е.В. *Психология стресса.* -Новосибирск, 1997
9. Шарай В.Б. *Функциональное состояние студентов в зависимости от форм организации экзаменационного процесса.* -М., 1989.
10. Моница Г.Б., Раннала Н.В. *Тренинг «Ресурсы стрессоустойчивости».* – СПб.: Речь, 2009.

### Резюме

В данной статье отражаются причины возникновения эмоционального стресса у студентов и показаны некоторые пути их преодоления.

### Summary

The article reflects aspect of student's personality development and their behavior in stress situations.

## КЕРЕҢ ЖӘНЕ НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАР МЕКТЕБІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Тусубекова К.К. –

*Абай атындағы ҚазҰПУ психология-педагогика факультетінің кафедрасының  
доценті, п.ғ.к.*

Қазіргі уақытта керең және нашар еститін балалар мектебінің педагогтары көп қиындықтарды кездестіреді, оның негізгі себебі баланың психикасының дамуы мен оның тұлғасының қалыптасуы аймағынан білімдерінің төмен болуы болып табылады. Психолог-педагог баланың тұлғалық дамуы, интеллектуалдық ауытқушылығының себептерін анықтауға, жағдайларды шешуде психологиялық көмек бере алмайды. Керең және нашар еститін балалар мектебінде әр баланың психикалық ерекшеліктері туралы нақты мәліметтер алу үшін құралдар мен мамандар біздің елде жеткіліксіз қамтама-сыздандырылған. Өкінішке орай, біздің елде бастауыш мектепте психологиялық қызмет бойынша оқулықтар, әдебиеттер жеткіліксіз. Бірақ қазіргі уақытта оған қажеттілік тез өсті.

Бүгінгі күні психолог-педагогтарды терең психологиялық ағарту өзекті мәселе болып келеді. Жұмысты неден бастау керек? Психолог қандай міндеттерді шеше алады? Балаға оқу-тәрбие әсерін таңдау кезінде психодиагностикалық және психокоррекциялық мәліметті қалай дұрыс қолдану керек? Балаға көмек көрсету мен оперативті бақылау мақсатымен қарапайым психологиялық зерттеулерді психолог-педагог өзі қалай жүргізе алады? Бұл сұрақтарды қазіргі уақытта жан-жақты жеке тұлғалық жағынан да, ұлттық психологиялық аспектілері қырынан да ескере отырып қарастыру өзекті мәселерді қамтиды.

Керең және нашар еститін балалар мектебінде психологиялық қызметтің мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер баланың тұлғасының толық дамуы үшін психологиялық қызметтің қажет екенін көрсетеді. Физиология, психология, педагогика салаларында зерттеулер бекіткендей керең және нашар еститін балалар мектеп жасы психика мен интеллектуалды дамудың жағымды жағдайы болып табылады. Бұл мидың, жүйке құрылымының және олардың функционалды қасиеттерінің белсенді жетілуінен негізделген. Мектептік кезең балалардың қабілеттерінің сәтті қалыптасуына жағымды кезеңі болып табылады.

Психологиялық қызметтің атқарылуы мен құрылуы – жалпы қатынастар жүйесі мен әлеуметтік дамудың маңызды құралы. Психологиялық қызметтің әрекеті керең және нашар еститін балалар мектебінде немесе психолог кабинетінде жұмыс жасайтын тәжірибелі психологпен жүзеге асады. Оның жұмысы нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Ол бәрін білетін және баланы терең түсінетін, психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын білетін адам. Сонымен бірге үлкендердің психологиясын жалпы қырларында

бағдарлана алу керек. Психологтың негізгі міндеттерінің бірі керек және нашар еститін балалар мектебіндегі күнделікті тәжірибесіне арнайы және педагогикалық психологияға жаңа жетістіктердің енуі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі психолог эксперименталды, статистикалық және компьютерлік дағдыларды қажет етеді. Керек және нашар еститін балалар мектептерінде психологтың компетенттілігі баланың психикалық дамуында сапалы өзгерістерді уақытында бекітуге, педагогқа тұлғаның арықарай дамуын анықтауға әдіс-тәсілдерді қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар педагог және психологтар жаңа мектеп психологиялық технологиялармен танысуы маңызы зор. Бұл кезде шетел тәжірибесі кеңес білім беру жүйесінің спецификалық жағдайымен салыстырылуы керек және мұнда немқұрайлық-ты жіберуге болмайды. Шетелде психологияның даму тенденциясымен жағ-дайын талдай отырып зерттеушілер шетел материалдар мен кеңес мәселе-лерін сәйкестендіреді және оны шешуде өз күштерін салуда. «Психология-лық қызмет» термині қазіргі уақытта тек психология емес, қоғамдық тәжі-рибе мен басқа ғылымдар саласында белсенді қолданылуда. «Психологиялық қызметтің» әр түрлі анықтамасы бар, бірақ жалпы қабылданғаны жоқ. Бұл психологиялық қызмет жұмысы жүйесінің күрделігін дәлелдейді, ол қазіргі психологияның осындай аталмыш мәселелерді жан-жақты зерттелуінен керек ететін және интенсивті дамып келе жатқан саласы екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, көптеген авторлар психологиялық қызметті мақсатты бағытталған процесс ретінде қарастырады, олар әрекеттің алты негізгі бағытын анықтайды: психодиагностика, психокоррекция, психологиялық кеңес, психопрофилактикалық жұмыс. Яғни, жалпы ғылыми түсінікке сәйкес психологиялық қызмет дегеніміз, қазіргі білім беру жүйесінің органикалық компоненті балада бар қабілет, қызығушылық, бейімділігін, оларда интеллектуалдық және тұлғалық потенциалын оқыту мен тәрбиелеуде толық қолдануын және уақытында анықтауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар ол балалардың психологиялық даму резервтерін уақытын-да анықтау және оқыту мен тәрбиелеуде оларды жүзеге асыруда қамтамасыз етуге шақырады [1]. И.В. Дубровина мектепте білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің мәселелерін қарастырды. Ол «Мектептік психоло-гиялық қызмет» түсінігіне анықтама берді, оны интегралды білім беру ретінде қарастыруға болады, ол өзара байланысты аспектінің бірігуінен болады – ғылыми, қолданбалы және тәжірибелік: оқушының тұлғасының қалыптасуы және психикалық дамуының заңдылықтарын қазіргі мектеп жағдайында психологиялық білімдерді профессионалды қолдану әдістер мен құралдарды, тәсілдерді шығару мақсатымен зерттейді (ғылыми аспект); оқыту мен тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, оқу бағдарла-маларын құруымен коса дидактикалық және әдістемелік материалдардың психологиялық дайындықтарын жасау (қолданбалы аспект), мектепте психо-логтардың жұмысы (тәжірибелі аспект) [2].

Е.И. Роговтың пікірінше, кез-келген аймақта психологиялық қызмет

маңызды деңгей арқылы жүзеге асады: психофизиологиялық деңгей барлық дамып келе жатқан субъектінің ішкі физиологиялық және психофизиологиялық негізін құратын компоненттердің құрылуын көрсетеді жеке психологиялық деңгей субъектісінің психологиялық жүйесінің дамуын анықтайды (танымдық, эмоционалдық, және т.б.), тұлғалық деңгей толық жүйесі ретінде субъектінің өзінің спецификалық ерекшеліктерін анықтайды [3].

А.И. Захарованың «Балалардағы невроз» зерттеулерінде белгіленгендей бұрын қарым-қатынасқа тез түсетін ата-аналардың балалары да тез бейімде-леді [4]. Л.С. Выготский айтқандай, балалардың қарым-қатынасы әлеуметтік тәжірибемен анықталады. Бізде балалардың қарым-қатынас генезисін білу туралы психологиялық әдебиеттерде дәлелдер бар. Өйткені қарым-қатынас мектеп жасында психиканың дамудың шешуші факторы болып табылады [5]. Психологтың міндеті керең және нашар еститін балалардың психикалық дамуы, қарым-қатынас міндетін анықтап, түзету болып табылады. Сонымен қатар басқа мамандармен бірігіп жұмыс жасау қажет, атап айтқанда, ол педагог, әлеуметтік педагогтар, дефектологтар, логопедтер және т.б.

Керең және нашар еститін балалар мектебінде психологтың қызметін екі үлкен бөлімге шартты түрде бөлуге болады:

- тәрбие процессін жүзеге асыруда қатысу, оның психологизациясы; балалармен жеке жұмыс және олардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін есепке алуда көмектесу болып табылады. Ең алдымен, керең және нашар еститін балалар мектебінің барлық қызметкерлері мен ата-аналарды психологиялық ағарту жатады. Психологиялық ағарту бойынша жұмыстың форма-лары көптүрлі – лекция, ата-аналар жиналысы мен жүргізілетін әдістемелік кеңестерде әңгімелесулер, топтық және жеке кеңестер, психолого-педагогикалық әдебиеттерді тарату және жинау;

- екінші бөлімнің жұмысы қиын және көптүрлі, балалардың жеке ерекшеліктері мен ақыл ойы ойынның даму деңгейінің бағасы, балалар арасындағы және педагогпен балаларды өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін диагностикалық әдістердің көмегімен анықтауда ұзақ зерттеуді талап етеді.

Керең және нашар еститін балалар мектебінде психологтың жұмысы педагог немесе ата-аналар оған келгенде нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Ол былай қарастырылады:

**Психопрофилактикалық жұмыс:**

- балалардың психикалық денсаулығын сақтауға әсер ететін жағдай құру;
- психикалық денсаулыққа көмектесу;
- мектеп жасында әр түрлі жастағы топтағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу;
- керең және нашар еститін баланың табиғи қасиеттерінің ролі туралы және оның психикалық дамуының тәрбиесі мен өмірінің жағдайын білу және т.б. жүргізеді [7].

**Диагностикалық жұмысы:**

- бұл ең алдымен керең және нашар еститін баланы түсіну және тану,

- диагностиканың міндеттерін шешу үшін психологияны тәжірибелі қолданудың сауатты жүйесі;
- баланың жеке, жас ерекшеліктерін ескеру арқылы оның дамуын болжау үшін психологиялық зерттеу әдістерін жүргізе алу;
- психодиагностикалық әдістерді тәжірибеде қолдану техникасын біледі;
- интеллектуалды дамуда әр түрлі қиыншылықтардың себептерін анықтау;
- әр баланың танымдық қызығушылығын ескереді, қабілеті мен ерекшеліктерін танып біледі;
- үлкендер және құрбылармен баланың коммуникативті әрекеттің дамуы-ның ерекшеліктеріне диагностика жүргізеді;
- психикалық дамуында әр түрлі ауытқуларына дифференциалды диагностиканы жүзеге асырады; (қажет жағдайда сәйкес саланың маманымен бірге)
- әр жастағы балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуының ауытқуының психологиялық себептерін диагностикалаиды;
- психологиялық зерттеу негізінде педагогтарды және баланың психолого – педагогикалық мінездемесін құрады;
- баланың керең және нашар еститін балалар мектебіне психологиялық дайындығының диагностикасы және т.б [7].

### **Кәсіптік сапалары**

- ғылыми көзқарасы,
  - интеллектуалды белсенділік;
  - өз-өзін иелену;
  - педагогикалық такт;
  - аналитикалық ой;
  - адалдылық;
  - принципшілдік.
- Керең және нашар еститін баланың жеке ерекшеліктері мен жасын ескере отырып тұлғаның жеке жақтарын дамытуға бағытталған бағдарламасын жасап, жүзеге асырады;
- педагог пен ата-аналарға релаксация сеанстарын сауатты жүргізе алу;
  - сыныпта пайда болған күрделі педагогикалық жағдайларды ұжыммен талқылау;
  - жағымды микроклимат құру мақсатымен психологиялық-педагогикалық ұжымда психологиялық тренинг, жанұялық психокоррекцияны, коррекцияны жүргізеді;
  - баланың танымдық және тұлғалық дамуын түзету [8].

### **Психологиялық-педагогикалық іскерлік**

- әдістерді бейімдеу және тексеру, құру іскерлігі;
- әдістердің сенімділігін ғылыми бағалау іскерлігі;
- керең және нашар еститін балалардың тұлғалық және тәртіптік психодиагностика әдістерін сауатты қолдану іскерлігі;
- баланың ассоциалды тәртібінің себептері мен формасын анықтау;
- диагностикалық зерттеулердің нәтижесін ғылыми негіздеп, түзету;

- баланың психикалық, интеллектуалдық, адамгершілік дамуында ауытқушылықтарға әкелетін жағымсыз факторларды уақытында жою және анықтау;
- үлкендер мен керең және нашар еститін балалардың тәртібі мен психологиясын бағалау іскерлігі.

### **Психологиялық кеңес беру**

- керең және нашар еститін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша педагогикалық ұжым мүшелеріне және әкімшілікке кеңес беру;

- педагогтарға, ата-аналарға, балаларға психолого-педагогикалық ұсыныстарды жасап, калыптастырады;

- әр түрлі әрекет түрлерімен байланысты мәселелер бойынша ата-аналар мен тәрбиешілерге, педагогтарға жеке және топтық кеңес жүргізеді;

- кеңестік көмекті қажет ететіндермен әңгіме жүргізу [9]. Бұл мақалада психологтың негізгі қызметінің іскерліктерінің кәсіптік сапаларының қандай болатынын ескере отырып, психологиялық қызметті кәсіби тұрғыда сапалы ұйымдастыру үшін маңызды қасиеттерін атадық. Осы қасиеттердің бәрін ендіре білген психолог балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс істей алады. Сонымен қатар, педагогикалық ұжым мүшелерінің психологиялық мәдениетін жоғарылатып, әр түрлі мәселелерді шешуге үйретеді.

1. *Психолого-педагогическое консультирование: Пособие для учителя / Под ред. Л.М. Шипицыной. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. -528 с.*

2. *Казакова Е.И. Сопровождение развития – новая образовательная технология // Психолого-педагогическое медико-социальное сопровождения развития ребенка. -СПб., 2001. -Ч.1. – С.9-14.*

3. *Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании: Учебное пособие. –М., 1995.*

4. *Дубровина И.В. Рабочая книга школьного психолога. -М., 1991*

5. *Немов Р.С. Психология: Учеб.для студ.высш.пед.заведени. В 3 кн.-4-е изд. – М.: Гуманит. Изд.центр ВЛАДОС, 2000. – кн.2: Психология образования. -608 стр.*

6. *Выготский Л.С. Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства // Собр. Соч. : В 6 т. -М.: Педагогика , 1983. – Т.5 – С.273*

7. *Диагностическая и коррекционная работа школьного психолога / Под ред. Б.П.Дубровиной. –М., 1998.*

8. *Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. –М., 1998.*

### **Резюме**

В этой статье рассматривается тема психологическо-педагогической службы в школах для глухих и слабослышащих детей. В том числе, описывается функция психологической службы настоящего времени и разностороннее действие педагог-психологов в школах для глухих и слабослышащих детей.

### **Summary**

This article is about theme of psychological-pedagogical service at schools for deaf and weaker hearing children. In addition, it describes the function of psychological service for present time and versatile action of pedagogy-psychologists at the school for deaf and weak hearing children.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КИКІЛЖІНДІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТИІМДІ ШЕШУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛІ**

**Қуаналиева М.А. –**

*Жалпы педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі*

Қазіргі заманда кез-келген әлеуметтік ұйымда шиеленісті жағдайлар болып тұрады. Осындай жағымсыз жағдайларды дер уақытында тиімді шешу тұлғаның кемелдігіне және жекедара қасиеттеріне байланысты. Кикілжің көрінуінің сәйкестігіне көптеген факторлар әсер етеді. Оқытушы кикілжіңнің тікелей қатысушысы болмаса да, ол өзінің өткен жұмыс тәжірибесінен қандай да бір субъективті талдауға дайын. Онда жақсы көзқарас негізінде саналы емес сипаттағы бағыт-бағдарлар пайда болады. Кикілжіңнің конструктивті шешілуінің негізгі шартты деп психологтар кикілжіңге түскен жақтардың ашық тиімді қарым-қатынасы деп есептейді. Сонымен кикілжіңді жағдаяттардың конструктивті шешілуіне өзін-өзі танытатын тұлғаның қасиеттері жағымды әсер етуі мүмкін.

Жоғары білім беру жүйесінде кикілжіңнің пайда болу себептерін ескере отырып, кикілжіңді шешу және оны басқарудың жаңа технологиясын жақсы меңгерген педагогқа мақсатқа бағытталған кикілжіңді құруға мүмкіндік береді. Мәселен, педагог оқыту тобында үлгерімдері немесе пән бойынша кикілжіңдерді әдейі тудыртуы да мүмкін. Кикілжіңді жағдайлардан шығу жолдарына зейін қоя отырып, студенттердің бірлескен іс-әрекеттерін белсендендіріп қана қоймай, өзін-өзі тануға, өзін-өзі саналы түрде түсінуге, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуына ықпал етеді.

И.П. Хромова халық даналығы негізінде ЖОО-да педагогикалық мәселелік жәйттарды шешудің психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, халық даналығы құрылымына сәйкес педагогикалық мәселелік жәйттарды құрастыру негізінде психологиялық-педагогикалық технологияны қолдана отырып, арнайы қалыптастырушы эксперимент жүргізген. Ол өзінің зерттеуі нәтижесінде келесі тұжырымдарға келген: күткен нәтижелерге қол жеткізуге болады деп тұжырымдаймыз.

1. Педагогикалық психология көзқарасы бойынша оқу-тәрбие үрдісіндегі педагогикалық мәселелік жағдаяттарда осы үрдістегі субъектілердің шиеле-ністі қарым-қатынасы мен психологиялық-педагогикалық дағдылардың жетіспеушілігінен, оқытушылардың педагогикалық іс-әрекет мақсатына жетуде кедергі келтіріп, қарсы әрекет күшін тудырады деп атап көрсетеді.

2. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өмір тәжірибесіне сүйеніп адамзат мәдениетін құрайтын халық даналығының психологиялық мәні адамгершілік, әлеуметтік, этномәдени шешендік сөздерді қамтиды. Педагогикалық мәселелік жағдаяттардың типологиясына сәйкес халық даналығының құрылымы: реттеуші, мотивациялық, когнитивті, бағалау тәсіл болып табылады.

3. ЖОО халық даналығы көмегімен мәселелік жағдаяттарды шешудің психологиялық ерекшеліктері келесідей анықталып: 1) өзіне және қоршаған айналадағы адамдарға қодау және психологиялық көмек; 2) тұлғаның мінез-құлықтық, эмоционалды, когнитивті аумағына психологиялық-педагогика-лық әсері; 3) тұлғаның психологиялық дамуына әсер етеді деп тұжырымдаған [1;2;3].

Сонымен, біз халық даналығы негізінде ЖОО-да педагогикалық мәселелік жәйттарды шешудің психологиялық ерекшеліктерін туралы ғалымдардың зерттеулерін жоғарыда сараптай келе, жоғары оқу орнында кездесетін кикілжіндерді дәстүрлі мәдениеттегі билердің дау-дамайларды шешу тәсіл-дері арқылы оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін кикілжінді-мәселелік жәйттарды тиімді шешудің психологиялық-педагогикалық моделін жасадық. Кикілжінді жағдайларды тиімді шешу жолдар барысында студенттердің кәсіби бағыттылығын дамыту мақсатымен жүзеге асыруда танымын, қарым қатынасын, өзін-өзі жетілдіруін, тұлғалық көріністерінің даму жолын когнитивтік, мртивациялық, мінез-құлықтық компоненттер негізінде психологиялық сипаттама беріп көрсеттік.

Мұндағы *қарым-қатынас аумағында* студенттердің өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастықты орнату ЖОО-дағы көптеген түбегейлі мәселелерді шешуде маңызды орын алады.

Жоғарыдағы баяндалған зерттеулердегі фактілер, пікірлер мен тұжырым-дамалар жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінде кикілжіндерді жағдайларды тиімді шешу жолдарын мақсатты – бағытты қалыптастырудың төмендегідей алғышарттарын құрады деп тұжырымдаймыз:

1-ден, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінде өзін-өзі жетілдіретін тұлғалар кездесетін кикілжіндерді жағдайлардың туындау себептері мен оны болдырмаудың жолдарын алдын алады;

2-ден, оқу-тәрбие үрдісінде өзін-өзі жетілдіре алатын субъектілер кикілжіндерді тиімді шешу тәсілдерін меңгеріп, өзін-өзі үнемі дамытып отырады;

3-ден, дәстүрлі мәдениеттегі билердің кесімді билік сөздері студенттердің тіл мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, билер сөзін қолдану арқылы ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырады;

4-ден, өзін-өзі жетілдіре алатын оқытушылар мен студенттердің өзара кикілжіндерді жағдайларды тиімді шешу жолдарын меңгеруі рухани-адамгершілік қарым-қатынасты тәрбиелеудің негізі болып табылады;

5-ден, жоғары оқу орнындағы субъектілер өзін-өзі дамыту, өзін-өзі үнемі жетілдіру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде кикілжін мәселесін шешуде конструктивті стратегияны қолданады;

6-дан, кикілжіндерді жағдайларда агрессиялық ұстанымның қалыптасуына тосқауыл болатын өзін-өзі ретттеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу фактор-лары оқу-тәрбие субъектілерінің құндылықтық бағдарлары мен адамгершілік сезімін орнықтырады.

7-ден, дәстүрлі мәдениеттегі би-шешендердің кикілжіндерді жағдайларды



астарлап шешу тәсілдері мен жолдары өзін-өзі таныта және жетілдіре алған тұлға ретінде қазіргі замандағы жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінде ұлт субъектісінің қалыптасуына негіз болады;

8-ден, студенттерге би-шешендердің рухани мұраларын меңгерту арқылы адамгершілік және әлеуметтік-психологиялық құзырылықты қалыптастыруға болады.

Бүгінгі жоғары оқу орнындағы тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі – өз халқымыздың рухани мұраларын жаңғырту арқылы студенттердің бойында патриоттық сезімдерді, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, асыл мұраларда айтылған даналық сөздер қазіргі жастардың тұлғалық және кәсіби құзыреттілігі мен толеранттық қатынастарын орнықтыра алады. Осыған байланысты бүгінгі оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын кикілжіңдерді жағдайларды реттейтін амал-тәсілдерді айқындау, студенттердің университет қабырғасынан бастап, олардың ұлттық санасын оятып, ұлттық тәрбие беруде өзіндік үлес қосады. Сондықтан, біз өз зерттеуімізде жоғарыда аталған ұлттық тәлім-тәрбие мәселесін кикілжіңдерді тиімді шешу барысында оқытушы мен студент тұлғасының дамуы жөніндегі тұтас теорияда жүйелі бірге қарастырылады.

Осыған орай, студенттердің оқу-тәрбие үрдісінде, кикілжіңдерді тиімді шешу тәсілдерін қазақ ұлтына тән астарлап айту сияқты дәстүрлі мұралардың мәнін саналы түрде ұғындыру арқылы педагогикалық-психологиялық мүмкіндігін көрсету мақсатымен, студенттердің билер сөздерін меңгеруі, тұлғаның өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіру туралы озық психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларға негіздеп оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын қарастыру керек деп ойлаймыз.

Оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін кикілжіңдерді жағдайларды шешу жолдарының психологиялық аспектілері студенттердің мінез-құлықтың әртүрлі стиліндегі және өмірдің түрлі жағдайларындағы қарама-қайшылықтардан шығу жолын таба алатын әдіс-тәсілдерін меңгеруі және осы білімдерді пайдалану тәсілін игерудің тиімді жағы болып табылады.

Біз теориялық зерттеулерге және өз тұжырымдарымызға негіздеп отырып, ЖОО студенттерінің кикілжіңді жағдайларды шешу құзырлылығын дамыту моделін құрастырдық (1-кестені қараңыз).

**Кесте 1 - ЖОО студенттерінің кикілжінді жағдайларды шешу құзырлылығын дамыту моделі**

<b>Мазмұндық сипаттама</b>	<b>Студенттердің кәсіби бағыттылығын дамыту</b>			
	<b>Танымдық</b>	<b>Қарым қатынас</b>	<b>Өзін - өзі жетілдіру</b>	<b>Тұлғалық көріністері</b>
<b>Психологиялық сипаттама</b>				
Когнитивтік компонент	жаңа әлеумет-тік-экономикалық қатынаста кикілжінді жағдайларды шеше білу құзырлылығының маңызын түсіну және білу; - кикілжінді жағдаяттарды шешуде ата заманнан келе жатқан халқымыздың мәдени мұрасына айналған би-шешендердің дау-дамайлар-ды шешу тәсілдерімен танысып, санамен аңғару, игеру; - оқу үрдісінде кездесетін кикілжінді жағдаяттарды тиімді шеше білу дағдысын меңгеру; - таңдаған кәсіби салада кездесетін кикілжінді жағдайларды білу және оларды шешу тәсілдерін меңгеру кәсіпқой маманның іс-әрекетінің мүмкіндігін түсіну – білу	- күнделікті қарым-қатынаста, әсіресе оқу-тәрбие үрдісін-де кикілжінді жағдайларды шешу тәсілдерінің көп түрлілігін және тиімді жолдарын түсініп білу; - кез-келген кәсіби салада нәтижелі қызмет ету факторы ретінде ынтымақтастықтың рөлін түсініп, дұрыс бағалау; - студенттердің өзара әрекетінде қарым-қатынасты жақсарту студенттік өмірдің тиімділігін арттыратын фактор болатынын санамен ұғыну; - студенттердің оқытушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, кикілжінді жағдайларды болдырмаудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін білу	- қазіргі кездегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай-дағы бәсеке-лестікте сәттілікке жетудің негізгі параметрі ретінде кикілжінді шешудің тиімді әрі конструктивті стратегияларын танып-білу; -өзінің жекедара тұлғалық іс-әрекетінің жағымды және жағымсыз жақтарын түсіну- білу; -болашақ кәсіби қызметінде тұлғалық өсу жолдарын түсіну -білу	Кикілжінді жағдайлармен байланысты мәселелерді дұрыс шешу үшін - өзін-өзі жеткілікті танып-білу, зерделеу; - өзін-өзі адекватты бағалау; - айналадағы адамдардың ерекшеліктерін тани білу, олармен тиімді қарым-қатынас орната білу; - тұлғааралық толеранттылықты қалыптастыру

<p>Мотивация-лық компонент</p>	<p>- жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайда кикілжіңді жағдаяттарды шеше білуге қызығушылық білдіру; - кәсіби салада, оқу-тәрбие барысында қарым-қатынасты жақсартуда өз білімін пайдаланудың жолдарын табуға талаптану; - өмірде тұлғалық маңызды мақсаттарын барынша жүзеге асыру; - басқа адамдармен қарым-қатынас барысында адамгершілік құндылықтар-ды басшы-лыққа алуға ұмтылу</p>	<p>- тұлғаға объект және субъект ретінде көңіл бөлу; - тұлғааралық толерантты қатынасқа ұмтылу; - ұлттаралық қарым-қатынаста толеранттықты білдіруге бағыттылық; - іскерлік қарым-қатынасқа ұмтылу.</p>	<p>- білім беру саласында жетістіктер-ге жетуге ұмтылу;  -өзінің жеке тұлғалық өзгешелігін көрсетуге ұмтылу; - білімін заман талабына сай жетілдіріп отыру</p>	<p>Шиеленісті жағдайларды шеше білуде көрінетін кәсіби мәнді тұлғалық қасиеттерді і бойға сіңіруге, кәсіби құзырлықты қалыптастыруға ұмтылу</p>
<p>Мінез-құлықтық компонент</p>	<p>- кәсіби қызметінде білімін қолдана білу</p>	<p>- қарым-қатынас жасай білу, тәжірибесінің болымды жақтарымен алмасу</p>	<p>- көздеген мақсатына барынша жету үшін өз іс-әрекетін, басқа адамдармен қарым-қатынасын түзету</p>	<p>Белсенділік, өз мақсатын жүзеге асыруда менмендікті емес, ал қоршаған әлеуметтік орта талаптарынан ескеру және басқа адамдардың мүдделерімен де</p>

				санасуда көрінетін конструктивті позицияны ұстану.
--	--	--	--	--

Қорыта келгенде, студенттердің оқу-тәрбие үрдісінде кикілжіңдерді жағдайларды конструктивті шешу тәсілдері негізінде халықтық тәлімді жандандыру үшін мақсатты жұмыстар ұйымдастыру керек. Студенттерге дәстүрлі мәдениеттегі би-шешендердің халық ауыз әдебиетіндегі мұралары негізінде патриоттық тәрбие берудің маңызы зор.

1. *Хромова И.П. Психологические особенности разрешения педагогических проблемных ситуаций в вузе средствами народной мудрости: дисс. канд. психол. наук. –Тамбов, 2009. -196 с.*

2. *Сергеева О.А. Функции юмора в педагогической деятельности // Ярославский педагогический вестник. - 2006. - № 2(47). – С. 64-66.*

3. *Алексеева А.И. Влияние самооценки на способ разрешения конфликтной ситуации: Автореф. дисс. канд. психол. наук. - Л., 1983. – 25 с.*

### Резюме

Статья посвящена одной из актуальных проблем человеческой жизни - проблеме конфликтных ситуаций. В теоретической части рассмотрены различные типологии конфликтов, их причины и способы их разрешения в системе высшего образования. В том числе, в статье описываются некоторые результаты проведенного авторами по данной проблеме экспериментального исследования.

### Summary

The article about peculiarity of the present pays attention of interest problems human life – is problem of conflict situations. This is problem of conflict situations, examine different types of conflicts and methods of their solving in the system of high education. In this article is considered the types of conflicts in the system of high education and causes of formation. In addition, there is described the features of types of individual-psychological conflicts. The results of experimental research are analyzed in this article too.

**М а з м ұ н ы**  
**С о д е р ж а н и е**

<b>Омарова С.С., Исабекова Т.Ш.</b> Влияние педагогического общения на формирование личности ребенка.....	3
<b>Намазбаева Ж.И., Ниетбаева Г.Б.</b> Психологиялық денсаулық пен тұлғаның кемелденуі психологиялық кеңес берудің аспектісі ретінде.....	9
<b>Ибашова М.С., Қуандықова С.Е.</b> Современные исследования в психологии личности.....	14
<b>Джумажанова Г.К.</b> К вопросу возникновения невротических расстройств у детей и подростков.....	20
<b>Гушина Т.С., Валиева А.Б.</b> Арт-терапевтические технологии в работе с семьей.....	27
<b>Кукубаева А.Х.</b> Основные пути реформирования системы образования в Казахстане.....	31
<b>Абсатова М.А., Сейдулаев К.Б., Қушекбаева Ф.А.</b> Психолого-педагогические приемы развития культуры общения личности специалиста.....	38
<b>Namazbayeva Zh., Karakulova Z.</b> Social and psychological training as the basis of innovative technologies in modern higher education.....	42
<b>Игманова Р.Т.</b> Студенттердің тұлғалық потенциалын кәсіби біліктілігін қалыптастыру үрдісінде жүзеге асыру.....	46
<b>Урунбасарова Э.А.</b> Готовность преподавателя вуза к воспитательной работе как важный фактор личностного развития студентов.....	51
<b>Айқынбаева Г.Қ.</b> Дарындылықтың белгілері мен түрлерінің психологиялық жіктелуі.....	55
<b>Сүлейменова А.А.</b> Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектеріндегі ұлттық терминология мәселелері.....	58
<b>Сатиева Ш.С., Бұраханова А.Т.</b> Бастауыш сынып оқушыларының тілдік санасының қалыптасуы.....	63
<b>Даутказин М., Оспантаев А.</b> Социально-психологические аспекты профессионального самоопределения детей-сирот с ограниченными возможностями развития.....	68
<b>Ибашова М.С., Баймолдина Л.А., Косшыгулова А.С.</b> Студенттердегі эмоционалды стрессті тудыратын жағдайлар.....	72
<b>Тусубекова К.К.</b> Керең және нашар еститін балалар мектебіндегі психологиялық қызмет.....	81
<b>Қуаналиева М.А.</b> Жоғары оқу орнындағы педагогикалық кикілжіңді жағдайларды тиімді шешудің психологиялық-педагогикалық жолдары.....	86

**ДЛЯ ЗАМЕТОК**

**ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК**  
**«Психология» сериясы. Серия «Психология»**  
**№ 4 (33), 2012 г.**

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10103-Ж  
Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2001 ж. бастап шығады

Басуға 25.12.2012 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 5,8 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 429.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ